

«Сары бел,  
сағым ұшқан  
сайран далам...»  
5-бет



Екі әлемнің  
елшісі  
Е.Кузнецова – 85 жаста  
6-бет



Жерұйық мекеннің  
тұрғындары  
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан  
бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

СЕНБИ, 29 СӘУІР, 2023 ЖЫЛ №48 (23 224)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

## Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі құтты болсын!

### Құрметті жерлестер!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке халқымыз үшін бейбітшілік пен бірліктің символына айналды. Тәуелсіз Қазақстан жеткен барлық жетістік халқымыздың тұтастығы мен өзара бірлігінің бірден-бір көрінісі. Біздің қоғамдағы этностар арасындағы өзара түсіністік пен құрмет, өзара келісім сияқты қасиеттер болашаққа сеніммен қарауымызға негіз болып отыр. Дана халқымыз «Бірлік болмай, тірлік болмас» деп бекер айтпаса керек. Еліміздің өсіп-өркендеуінің кілті өзара бірлігімізде жатыр. Бүгінде Қазақстан тағдырдың жазуымен қазақ жеріне келген көптеген этностар үшін туған үйге айналды.

#### Қадірлі бауырлар!

Сіздерді осынау ұлық мерекемен құттықтай отырып, әр шаңыраққа амандық пен бақ-береке, жақсылық тілейміз! Еліміз нығайып, өсіп-өркендей берсін. Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын!

Е.БӨЛЕКПАЕВ,

Қарағанды облысының

әкімі

Н.ҚОБЖАНОВ,

Қарағанды облыстық

мәслихатының төрағасы

#### • АССАМБЛЕЯ СЕССИЯСЫ

## Қасиетті міндет жолындағы бес басымдық

Жыл сайын ел бірлігі күніне орай дәстүрге айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының алқалы жиыны өтті. «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» тақырыбындағы XXXII сессияға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев төрағалық етіп, ырыс-ынтымақты, татулық пен келісімді дәріптейтін мейрамның ерекшелігіне тоқталып, этносаралық саясатқа ерекше назар аударды. Осы мақсатта Президент алда атқарылатын жұмыстарда бес басымдыққа мән беруді ұсынды.

Салтанат ІЛНИШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

#### «Татулық пен келісім жалаң ұран болмауы керек»

– Еліміз Бірлік күнін міндетті түрде атап өтуге тиіс. Себебі, қасиетті Отанымыздың іргесі бүтін, тұғыры мығым болсын десек, бірлігіміз әрқашан бекем болуы керек. Бұл – анық ақиқат, – деп сөз бастаған Қасым-Жомарт Кемелұлы өткен жылдағы атаулы өзгерістерге тоқталды. Әлбетте, соның бірі – Ата заңға өзгерістерді референдум арқылы енгізу туралы бастама. Халық өзінің тарихи таңдауын жасады. Ел тағдырын айқындаған маңызды жолдың бастауында тұрғанда халықтың бірауыздан қолдауы өте маңызды болғаны рас. Президент «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деген қағидат ұстанды. Ал, қалың ел «Келісіп пішкен тон келте болмайтынына» көз жеткізді. Нәтижесі – халық болып жұмылып, «Әділетті Қазақстанның» іргетасы қаланды.

Ал, болашақтың әрі қарай баянды болуы елдің бірлігінде. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, ұжымда, жалпы, барлық жерде дәріптелуі қажет екенін айтады. Бұл жалаң ұран емес, әр азаматтың күнделікті ұстанымы болуы керек.

– Халқымыз бірліктің және тыныш-



тықтың қадірін біледі. Бұл – небір қиын-қыстау заманды өткерген, қазақ жерінен пана тапқан барша этностар үшін де қымбат құндылық. Осы құндылықтарды бағалай білгеннің арқасында жұртымыз бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл – теңдес-

сіз жетістік! – дейді Мемлекет басшысы. Ал, мемлекеттігіміздің іргетасын бекітіп тұрған басты институт – Ассамблея бірлікті нығайтуға қызмет ететін бірегей құрылым.

► 2-бет

Ұлы Жеңіске



СОҒЫСТЫҢ

СОҢҒЫ

сарбаздары

Григорий Петрович  
СТЕПЕНКО



1925 жылы 10 сәуірде Воронеж облысының Нижние Новинки ауылында дүниеге келген. 1943 жылы Павлодар облысының Лозов аудандық әскери комиссариатынан кызыл армия қатарына шақырылды.

Алғашқы шайқасын II Украина майданында пулеметші ретінде өткерді. Курск-Орлов доғасындағы шайқастарға, Белгород, Орел, Харьков, Курск, Кенігсберг, Варшава қалаларын азат етуге қатысты. Әскери өмір салдарынан контузияға да ұшырады. Днепр өзенінің бойындағы ұрыс қимылдарына қатысты.

Забайкалье майданының 39-шы армиясының 56-шы атқыштар полкінің құрамында Қыр Шығыстағы жапондарды талқандауға қатысты. II дәрежелі Отан соғысы және II дәрежелі Даңқ ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Кенігсбертті алғаны үшін» медальдарымен, көптеген мерейтойлық төсбелгілермен марапатталған. 1951 жылы жолдама бойынша Қарағанды қаласына келген. «Шахтострой» басқармасы цемент зауытында, теміржол көлігінде жүк тасымалдаудың бас кондукторы болып жұмыс істеді. 1980 жылы зейнетке шықты.

Виктор Андреевич  
ШЕЛУДЯКОВ



1925 жылы 16 желтоқсанда дүниеге келген. Саратов облысы Ершов ауданы Переконное ауылының тумасы.

Қарағанды қаласында 1931 жылдан бері тұрады. 1943 жылы майданға шақырылған.

1944 жылдың мамырынан 1945 жылдың наурызына дейін ұрыс қимылдарына қатысты. Ол 4-ші Украин, 1-ші Балтық және 2-ші Белорус майдандарында радиобайланыс бөлімінің командирі болды. 1945 жылы Кенігсберг шаһарының түбіндегі шайқаста ауыр жаракат алды, 1945 жылдың қыркүйегіне дейін емделді.

I дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Кенігсбертті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Белорусігі азат еткені үшін», «Украинаны азат еткені үшін» медальдарымен, көптеген мерейтойлық төсбелгілермен марапатталды.

1945 жылы жараланғанына байланысты демобилизацияланды. 1949 жылдың ақпанынан 2007 жылдың желтоқсанына дейін Қарағанды «Союзшахтоосушение» құрылыс монтаж басқармасында түрлі лауазымдарда үздіксіз еңбек етті. «Еңбек ардагері» медалінің иегері.

#### • БІРЛІК ТҮБІ – БЕРЕКЕ

## Тағдыр тоғыстырғандар

Өзге ұлт өкілдерінің түрлі себеппен қазақ топырағына табынып, тұрақтап қалғанына аз уақыт болған жоқ. Содан бері олардың Қазақстанды туған жерім деп санайтын бірнеше ұрпағы өсіп жетілгеніне тарих парақтары куә.

Назым ДУТБАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласының қалыптасу тарихына үңілсек те XIX ғасырдың аяғында сайын далада көмір өндіруді бастаған орыс көпестері мен француз, ағылшын кәсіпкерлерінің ізін көреміз. Тағдыр талай олардың кейбіріннің ұрпағына Тәуелсіз Қазақстанның азаматы болып өмір сүруді нәсіп етіпті. Қапталы шежіре одан бергі жылдарда орталық Қазақстанға украин, белорус, кәріс, татар, неміс ұлтының дәм айдаған өкілдері келгенін баяндайды. Байыппен үйіліп қарар болсақ, әр ұлт қана емес, әр адамның Арқа жеріне келген себебі әркілі. «Адамның басы Алланың добы» деген тәсілді еске алсақ, ол себептің ар жағында бір әулеттің, жеке-жеке адамның тағдыры жатыр. Әрқайсысы бір-бір көркем шығармаға жүк. Талайлы тағдырлардың символындай болған кейіпкердің бірі – Арқа жеріндегі аядай ауыл Ақтастың атын Жапония мен Қазақстан арасына паш еткен Ахико Тешуро.

Ахико ҚарЛАГ-тың тар қапасына бар болғаны 15 жасында түсіп, он жылдан соң түрмеден шыққанда 24 келі ғана болған



екең. Көгер жарығы бар жігітті боздалада боздағынан айырылған Ақтамақ есімді қазақ анасы бағып-қағып өсіріпті. Есейіп неміс қызымен отау құрып, балалы-шағалы болып, жігіт ағасының жасына жеткенде Жапониядағы әкесі мен бауырларын тауып,

есейткен Ақтамына қайтып оралыпты. Бұл оқиға негізінде көркем шығарма жазу туралы идеяны Ұлттық құрылтайдың мүшесі, ҰҒА корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбеков ұсынып, жазушы Мадина Омарова

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 503.47

•USD/KZT 456.21

•RUB/KZT 5.60

•CNY/KZT 65.91

Қазақстан Ұлттық Банкінің 28 сәуір, 2023 жылғы дерегі бойынша



# Қасиетті міндет жолындағы бес басымдық

(Соңы. Басы 1-бетте).

## Бірегейліктің символы

– Біздің көк паспортымыз бен көк байрағымыз – тарихымызбен астасқан және миллиондаған адамның жүрегінен орын алған бірегейлігіміздің нағыз символы. Біздің паспортымыз этникалық шығу тегіне, діни ұстанымына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, адамды Қазақстан Республикасының азаматына тиесілі құқықтармен және міндеттермен толық қамтамасыз етеді, – дейді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Ал, азаматтарымыз әрдайым және барлық жерде өз мемлекетінің қорғауында. Мемлекет басшысы даңқты отандастарымыздың шыққан тегіне қарамастан шетелде «қазақтар» деп аталатынына да табиғи құбылыс деп қарайтынын да ерекше атады.

Жалпыұлттық бірегейліктің тағы бір көрінісі – ортақ идеялар мен құндылықтар біріктірген еркін әрі жауапкершілігі мол азаматтардың одағы. Сондықтан да, азаматтарымыздың барлығы қазақ ұлтының мүшесі. Сөйкесінше, елімізде тән айрықша өмір сүру салты қалыптасқан. Бұл уақыт тезіне төтеп берген, қоғамдық сананың өзегіне айналған бірегейлік. «Бірлігіміз араландықта», «Түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидаттары – бұл ұран емес, күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздің мәні, – дейді осы орайда Мемлекет басшысы.

– Дәстүрлердің осылайша бітпейтіндігі, этносаралық және конфессияаралық келісім, өзге мәдениетке толерантты болу – біздің баға жетпес байлығымыз, қазіргі тілмен айтсақ, ұлттық брендтіміз. Отансүйгіштік, әдептілік, қонақжайлық, еңбекқорлық, халықтық дәстүрлер мен отбасы құндылықтарын құрметтеу ұлтымыздың мәдени және адамгершілік қасиеттері саналады. Мұны бүкіл қоғамымыздың адамгершілік негізі деп айтуға болады. Әр адамның ішкі моральдық өзегі туралы ұлтымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан таным-түсінігі осыған сүйенеді, – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздегі үйлесімді этносаралық қатынастың сыры да туған елінің тағдырына бейжай қарамайтын жауапкершілікте екенін айтады.

## «Этносаясат байыппен жүргізілуі керек»

Ел бірлігін нығайтуға орасан үлес қосып жүрген Ассамблея жұмысына ерекше тоқталды Қасым-Жомарт Кемелұлы. Шындағында да, Ассамблея жалпыұлттық маңызы бар жобаларды жүзеге асыруда. Волонтерлік және қайырымдылық шараларға ұйытқы болып, тілсүзестік, жанашырлық, қамқорлық сияқты қасиеттерді дәріптеуде. Медиация институтын дамытуға үлес қосып келе жатқан да осы құрылым.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Кемелұлы Ассамблеяның XXXII сессиясында жыл бойы атқарған жемісті еңбегі үшін қоғамдық орынбасарларға алғыс айтып, этномәдени бірлестіктер атынан жаңадан тағайындалған орынбасарлары – Ақбаржон Исмаиловты және Аурика Дякті таныстырды.

Президенттің пікірінше, этносаясат байыппен жүргізілуі керек. Яғни, татулық пен бірлік – табысты мемлекет болудың басты кепілі. Демек, сырттан төнген сын-қатерлердің бетін қайтару аса өзекті мәселеге айналғанда, мемлекеттер үшін егемендікті қорғаудың, ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызы арта түспек.

«...этносаралық қатынас мәселесін заман талабына сай реттеу қажет. Бұл жұмыс ауқымды реформалармен үндес болауы тиіс. Бұған немісқарайлы қарауға болмайды, этносаралық саясат айрықша назар аударып, ұдайы жетілдіріліп отыруы қажет етеді. Шын мәнінде, азаматтардың бірлігін, жалпыұлт-

тық бірегейлікті және еліміздің этноәлеуметтік тұтастығын нығайту жөніндегі іргелі, тіпті қасиетті деп айтуға болатын міндеттерді жүзеге асырмайынша, мемлекеттің бірде-бір стратегиялық міндетінің орындалуы мүмкін емес екенін естен шығармаған жөн», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Болашақты бағындыратын бес белес

Қасым-Жомарт Кемелұлы сессия отырысында жалпыұлттық бірегейлікті және еліміздің этноәлеуметтік тұтастығын нығайту жолында бес басымдыққа мән беруді ұсынды. Оның біріншісі – бірлігіміз бен татулығымызға сына қаққысы келетін кез келген арандатушылық әрекетке батыл түрде тосқауыл қою қажеттігі.

– Қоғамда түрлі жалған ақпарат немесе фейктер мен деструктивті жарияланымдар айтарлықтай көбейгенін көріп отырмыз. Оның басым бөлігінде авторларының Қазақстанға түк қатысы жоқ. Шетелде отырып, біздің қоғамда ірікті салғысы келеді. Олардың сөзі мен әрекеті адамдар арасындағы сенімге селкеу түсіріп, алауыздықты қоздыруға, мемлекеттік қауіпсіздікке нұқсан келтіруге бағытталған. Осындай жайттарды ескерсек, қылмыстық және тұрмыстық сипаттағы кез келген оқиға теріс пайғалды адамдардың кесірінен этносаралық жанжалға айналуы және оның салдары ауыр болуы мүмкін. Сондықтан, жауапкершілігі бар азамат ретінде радикализм, экстремизм және сепаратизмнің кез келген түріне қарсы тұруға тиіспіз. Бұл орайда абай болған жөн. Бірақ қаталдық та керек. Түптеп келгенде, әділ болу қажет, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Бірақ, еліміздің әрбір азаматы өз сөзі мен әрекеті үшін жауап беретінін сезінуге тиіс. Мемлекет басшысы эмоцияға бой алдырып, сырттан таңылған алауыздық пен өшпенділіктің жетегіне ермеуге шақырды. Ал, заң мен тәртіп баршаға ортақ. Оған мүлтіксіз бағынуға тиіспіз. Осы орайда, халықтың құқықтық сауатты болуы да маңызды.

– Татулық пен келісім халқымыздың өмір салтына айналуда тиіс. Әйтпесе, елдікті сақтап қалуымыз өте қиын болуы, – деген Мемлекет басшысы елдікті бұзу, бірлікті шайқалту, бұл – заң алдында – қылмыс. Құдай алдында – күнә екенін де қадап айтты.

Қасым-Жомарт Кемелұлы көрсеткен екінің біріншісі – этноәлеуметтік шиеленістің шығу себептерін жою үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігі.

Ассамблеяның алдыңғы сессиясында Президент томаға-тұйық тіршілік ететін этникалық аудандар мен кварталдардың пайда болуына жол бермеу мәселесімен айналысуы тапсырылған болатын. Сөйкесінше, кешенді шаралар әзірленіп, жұмыс жоспары да жасалған. Ендігі мәселе – оның сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету. Осы орайда ол этноәлеуметтік топтардың қоғамға толыққанды кірігуіне кедергі келтіретін аймақтық ерекшеліктерге, мәдени және басқа да факторларға баса мән беру маңызды екеніне де тоқталды.

– Соңғы кездегі жанжалдар негізінен ауылдық жерде болды. Сондықтан, шалғай ауылдардың тұрғындары арасында белсенді ақпараттық жұмыс жүргізу қажет. Бұл, әсіресе, бір этнос өкілдері шоғырланған аудандарға тікелей қатысты. Жұртшылыққа мемлекеттің этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатын түсіндіру керек. Ұлты әртүрлі азаматтарымыздың өзара достығы мен татулығы туралы мысалдардың көп екенін көрсетуіміз қажет, – деген Қасым-Жомарт Тоқаев этностардың өзара аралас-құралас өмір сүруіне барынша жағдай жасау қажеттігін де айтты. Осы

орайда Ассамблеяға көпұлтты халық тұратын аудандардағы жұмысқа баса мән беруі керектігін қадап айтты. Үкіметке де тапсырма берді. Жұмыс тәсілі қазіргі заманға сай болуы тиіс.

Мемлекеттік тіл мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Бүгінде ол азаматтық интеграцияның пәрменді құралы, мәдени-рухани бірліктің бейнесі болып табылады. «Көпмәдениетті ортаны дамытып, барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қадамдар жасау қажет». Бұл – Президент айтқан үшінші басымдық.

– Қазақстанның барлық азаматы мемлекетіміздің өткеніне, бүгінгіне және болашағына, ұлтымыздың рәміздеріне және оның мәдени өзегіне қатысы бар екенін сезінуі керек, – дейді Қасым-Жомарт Тоқаев. Үшінші басымдық барысында ұлттық театрларға ерекше мән беріліп, түрлі этностардың тілінде шығатын бұқаралық ақпарат құралдарын қолдауға арнайы көңіл бөлінеді. Олар өз кезегінде бірлік пен өзара түсіністікке негізделген құндылықтарды жан-жақты насихаттап, жалпыұлттық мәселеге баса мән беруі қажет.

Төртінші басымдық – Ассамблеяның саяси партиялармен және мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын күшейту керектігі. «Бұл жұмысты орталықта және аймақтарда жүргізген жөн дейді Президент. Демек, этносаралық келісім саясатында сөз бен іс бір жерден шығуға тиіс. Ал, Мемлекет басшысының айтуынша, Ассамблея саяси партиялармен ақылдасып, кенесіп отыруы қажет.

– Партияларды ортақ іске жұмылдырудың тағы бір маңызды жолы – Парламент депутаттық бірлестік құру. Ассамблеядан сайланған бес сенатор бұл шаруаның басы-қасында жүруі керек. Этносаралық қатынас саласындағы өзін-өзі басқару институттарын дамыту – маңызды міндеттің бірі. Ассамблея бұл жұмысты этномәдени бірлестіктердің қызметін үйлестіру арқылы атқаруда, – дейді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Соңғы, бесінші басымдық – этносаясаттың біртұтас болып, дәйекті түрде жүргізілуі тиістігі. Ол ғылыми тұжырымдарға негізделуі қажет. Осы орайда Президент осы саладағы тапсырмаларды орындау барысында өзінің сайлау алдындағы тұжырымасын және басқа да стратегиялық құжаттар басшылыққа алынуы керектігін тапсырды.

– Мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін кешенді талдау қажет. Үкімет жыл соңына дейін ұлттың қалыптасу процесінің қазіргі жай-күйіне талдау жасалған және тиісті өзекті ұсыныстар берілген сараптамалық баяндама әзірлеуі керек. Осы мәселеге қатысты ғылыми-зерттеулерге баса назар аудару қажет, – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы азаматтық министрліктерден, Мемлекеттік басқару академиясынан дәл осы саладағы ғылыми-талдау жұмыстарының сапасын және практикалық тиімділігін арттыру жөнінде нақты ұсыныстар күтетінін де айтты.

Ассамблеяның XXXII сессиясында айтылған нақты міндеттер – осы. Бес басымдықты айтып, бес саусақтай жұмылып, жұдырық болғанда ғана алға қойған мақсат-мұратқа жетуге болатынын қадап айтты. Үкіметке де, Ассамблеяға да тиісті тапсырмалар берілді. Оның барлығы біртұтас халық ретінде сынақтан сүрінбей шығу жолында атқарылатын ауқымды шаралар. Әділетті Қазақстанды сәтті құруда да Президент әр отандасына сенім артты.

– Ынтымағы бекем жұрттың болашағы баянды болады. Біз бәріміз бір ел болып, татулық пен тұрақтылықты сақтау үшін еңбек етеміз. Ел бірлігін нығайту және Отанымызды өркендету – қасиетті парыз. Еліміз – бір! Халқымыз да – бір болсын! – деп аяқтады сөзін Мемлекет басшысы.

## • МЕТРОЛОГИЯ

# Баянды бастамалар жолында

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы Қуаныш Елікбаев жұмыс сапарымен Қарағанды облысына келді. Жұмыс сапары аясында Қуаныш Нұрланұлы өңірдегі бірнеше ірі нысанды аралап, сынақ зертханаларына ат басын тіреді. Сонымен қатар, өңір әкімінің орынбасары Ермек Алпысовтың және мемлекеттік бақылау органдары мен кәсіпкерлік субъектілер өкілдерінің қатысуымен техникалық реттеу мәселелері жөніндегі өңірлік штабтың отырысына қатысты.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Қазақстанның индустриалды дамыған облысында техникалық реттеу мәселелеріне арналған сапар Қарағанды фармацевтикалық кешенінен басталды. Онда сынақ зертханаларын аккредиттеу, метрология, оның ішінде өлшеу құралдарын тексеру, стандартты үлгілерді дайындау, дәрілік заттарды таңбалау және қадағалау мәселелері, сондай-ақ «СТ-KZ» сертификаттау шеңберінде оқшаулауды тереңдету төңірегінде мәселелер қарастырылды.

Еске салып өтелік, Техникалық реттеу комитеті мен аккредиттеу, стандарттау, метрология, сертификаттау жөніндегі органдар зертханалар мен сарапшы-аудиторларға дейінгі барлық техникалық реттеу субъектілерінің міндеті – азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Алайда, аталған бағыттағы жұмыстың үйлесімді болмағы алдымен барлық мүдделі тұлғалар арасында – бақылаушы ведомстволардың аумақтық департаменттерінің, бизнес пен тұтынушыларға дейін бірлескен өзара іс-қимыл және тұрақты диалогқа байланысты.

Осы мақсатта Қуаныш Елікбаев «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ өңірлік филиалына, Саран март Кемелұлы азаматтық министрліктерден, Мемлекеттік басқару академиясынан дәл осы саладағы ғылыми-талдау жұмыстарының сапасын және практикалық тиімділігін арттыру жөнінде нақты ұсыныстар күтетінін де айтты.

Алайда, аталған бағыттағы жұмыстың үйлесімді болмағы алдымен барлық мүдделі тұлғалар арасында – бақылаушы ведомстволардың аумақтық департаменттерінің, бизнес пен тұтынушыларға дейін бірлескен өзара іс-қимыл және тұрақты диалогқа байланысты.

Осы мақсатта Қуаныш Елікбаев «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ өңірлік филиалына, Саран март Кемелұлы азаматтық министрліктерден, Мемлекеттік басқару академиясынан дәл осы саладағы ғылыми-талдау жұмыстарының сапасын және практикалық тиімділігін арттыру жөнінде нақты ұсыныстар күтетінін де айтты.

Осы мақсатта Қуаныш Елікбаев «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ өңірлік филиалына, Саран март Кемелұлы азаматтық министрліктерден, Мемлекеттік басқару академиясынан дәл осы саладағы ғылыми-талдау жұмыстарының сапасын және практикалық тиімділігін арттыру жөнінде нақты ұсыныстар күтетінін де айтты.

## • ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# Абай ауданын абаттанады

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Абай ауданына жұмыс сапары кезінде аудан тұрғындарымен және жергілікті мәслихат депутаттарымен кездесті. Сондай-ақ, іссапары барысында Ермағанбет Бөлекпаев Абай көпсалалы колледжіне және бірқатар кәсіпорындарға – Абай тігін фабрикасына, «Топар жылыжайларына» барды. Мұнымен бірге, өңір басшысы Топардағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын тексерді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрғындар жол, медицина мамандарының ташпылығы, аумақты көгалдандыру сынды көкейкесті мәселелерді ортаға салды. Ауданның мәдени ошағы саналатын кино-театрды қалпына келтіруді сұрады. Өз кезегінде облыс әкімі автожолдардың 30 учаскесі, сондай-ақ Абай мен тоғыз ауылдық елді мекендегі көшелер жөнделетінін хабарлады. Жақында Абайда тұрғын үй кезе-

гінде тұрғандар үшін 80 пәтерлі үй қолданысқа беріледі.

– Адамдардың шағымына құлақ асу және оларды шешу – біздің міндетіміз. Біз туындалған барлық мәселелерді шешуге тырысамыз. Барлық айтылған жоспарларды іске асыру қажет. Бірінші міндет – Абай қаласы мен Топар кентін тұрақты жылумен қамтамасыз ету. Біз мұны істейміз. Тағы бір міндет – инвестиция тарту. Бұл жаңа жұмыс орындарын құруға, аудан экономикасын көтеруге көмектеседі. Бизнес ашыңыздар,

біз сізге барлық жағынан көмектесуге тырысамыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Энергостанцияға барып қайтқан Е.Бөлекпаев ауданды жылумен жабдықтау маңызына тоқталды. Өңір басшысына жылумен жабдықтауды жақсарту жұмыстары туралы баяндалды.

– Біз Абай жылу трассасын жөндпейміз, магистральдың проблемалық учаскелерін ауыстырамыз. Сонымен қатар, он ысырма құрылғысын ауыстырамыз, – деді Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов.

Топар кентінде де жылу трассасы жөнделеді. Южный кентінде қазандықты жөндеу жоспарланған. Кездесуден кейін облыс әкімі азаматтарды жеке қабылдады.

Суретті түсірген  
Жагелді ӘБДІҒАЛЫМ



# Жылыту сапасы артады

Алдағы уақытта Қарағандының жылу сапасы артатын болады. Қаладағы ЖЭО-3 магистралі қайта жаңартылады. Сонымен қатар, үшінші жылу құбырының құрылысы жалғасуда. Бұл жаңа шағын аудандардағы жылу тапшылығын шешуге көмектеседі. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жылмен жабдықтау жұмыстарының қалай жүргізіліп жатқанын қадағалап, тексерді.



Қуатты өңір



Қасымхан ҒАЛЫМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ермағанбет Қабдулаұлы әуелі ЖЭО-3 жанындағы жылу магистралінің учаскесіне барды. Жылыту маусымы кезінде мұнда бірнеше ақаулар болды. Биылғы жылы бюджеттен бірінші учаскеге қаражат бөлінді. Жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Жылу көбірек таралуы үшін құбырдың диаметрі ұлғайтылады, – дейді Қарағанды қаласының коммуналдық шаруашылық жолашушылар

көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Рүстем Қожақапанов. Оның айтуынша, қазір мердігерді таңдау конкурсы жүріп жатыр. Сондай-ақ, Қарағандыда М10 жылу магистралі қайта жаңартылады. Енді Оңтүстік-Шығыс ауданындағы үйлерге сапалы және үздіксіз жылу беріледі. Сонымен қатар, жаңа ғимараттарды жылуға қосу үшін резервті қамтамасыз етеді. Пришахтинскідегі жылу желілері де жаңартылып жатыр. Облыс әкіміне ұзындығы 22 шақы-

рымды құрайтын үшінші жылу құбырының құрылысы туралы баяндалды. Бүгінгі таңда екі жолақпен шамамен 14 шақырым құбыр төселіп, төрт сорғы станциясының қаңқалары тұрғызылыпты.

«НС Система» ЖШС бас инженері Сергей Фриктиң айтуынша, жұмыстар кесте бойынша жүргізілуде, алты дәнекерлеу бригадасы мен 52 арнайы техника жұмылдырылды.

Осы жылы сорғы станциялары мен құбырлардың құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Құбырларды төсеу жалғасады.

– Бұл өте маңызды жоба. Жаңа ғимараттарды жылуға қосу үшін болашақта қор қамтамасыз ету қажет. Ең бастысы – жұмыстың сапасы, сондықтан бақылау тұрақты болады, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Қалада отандық өнімді қолдана отырып, магистральдық құбырлар оқшаулануда. Бұл жылудың сыртқа таралуын азайтады. Облыс әкіміне биыл жоспарланған 76,2 шақырым толығымен аяқталатынын жеткізді.

Өңір басшысы орамшілік желілерді қаптаумен айналысуды тапсырды.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

### Қауіпсіздікті күшейту кезек күттірмейді

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның отырысында саяжай учаскелері бойынша өртке қарсы профилактикалық рейдтер өткізуді тапсырды. Кезесу кезінде тілсіз жаудың алдын алу және шомылу маусымының қауіпсіздігі талқыланды.



– Саяжай маусымы ашылды. Тұрғындар өз учаскелерін тазалап, егіс жұмыстарын бастады. Көктем-жаз кезеңінде өрт туындау қаупі едәуір артады. ТЖ департаменті профилактикалық жұмыстарды күшейтіп, саяжай аумақтары бойынша рейдтер жүргізу қажет, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

ТЖ департаментінде өртке қарсы облыстық штаб құрылды. Рейдтік іс-шараларға 58 мобилді топ

қатысады. – Өрт қауіп бар кезеңнің тұрақты өтуі ерекше бақылауда. Маусым басталғаннан бері біз Қарағанды мен Теміртау қалаларындағы саяжай учаскелерінің аумағында құрғақ шөптер мен коқыстарды жағу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзудың төрт фактісін анықтадық. Кінәлілер әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – дейді облыстық ТЖ департаменті бастығының міндетін атқарушы Нұрлан Бекбосынов.

Дала өртіне қарсы жергілікті атқарушы органдар 252 еріктіден жиналған құрылым құрды. Облыс аумағында табиғи өрттерді жою үшін 45 өрт сөндіру бекеті жұмыс істейді.

– Өрт сөндіру бекеттерін дамыту алдағы уақытта да жалғасатын болады. Ағымдағы жылға арналған жоспарда Ақтоғай, Қарқаралы, Шет аудандарының аумағында тағы үш бекет құру көзделген. Бұдан қаржы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кентінде өрт сөндіру бекетін қосымша құру жоспарлануда, – деп толықтырды Нұрлан Бекбосынов.

Сондай-ақ, отырыс барысында Ермағанбет Бөлекпаев «өңірдегі белсенді жазғы демалыс үшін қауіпсіз және тегін жағажайларды жабдықтауды тапсырды. Мұндай орындардың жетіспеушілігі тұрғындарды жабдықталмаған жерлерде шомылуға және өз өміріне қауіп төндіруге итермелейді», – деп атап өтті өңір басшысы.

Бүгінгі таңда облыста жаппай демалуға арналған 76 жағалау аймағы бар. Тағы 240 орын қауіпті деп танылды. Шомылу маусымы басталғанға дейін бұл жағажайларда тыйым салу және ескерту белгілері орнатылады.

## Өз тілімізден

# Келісім бар жерде келешек бар

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Текті аталардан ғасырдан ғасырға жалғасқан, тәлім мен тәрбиенің бастауы болған асыл дініміз Ислам бірлік пен бейбітшілікке үндейді. Ислам сөзі бейбітшілік деген мағынаны білдіреді. Исі мұсылман баласы бауырына сәлем берген сәтте «Әссаламу алейкум» деп, Алладан бейбітшілік пен амандық тілеп амандасады. Осы ретте баршаңызға мұсылманның сәлемдесу әдебімен «Әссаламу алейкум» деймін. Сіздерге Алладан амандық, береке мен бірлік тілеймін. Хақ Тағала қасиетті Құран Кәрімнің «Хужурат» сүресінің 13-аятында: «Ей, адамдар! Негізінде, Біз сендерді бір ер және бір әйелден жараттық, әрі сендерді бір-бірлеріңді танып, білудерің үшін халықтар мен рулар етіп жасадық. Анығында, Алланың алдындағы сендердің ең құрметтілерің – тақуаларың», – дейді. Біз бұл аяттан бүкіл адамзат баласының ұлттар болып бір-бірінен ерекшеленіп жаратылуы Жаратушы Жаббар Неміздің даналығы, мейірімі мен нығметі екенін түсінеміз. Күллі өмірі адамзат баласына өнеге болған ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) алғашқы амалын мұсылман үмбетін бауырластырудан, қасиетті Мәдинада қоныстанған ру мен тайпаларды татуластырудан бастаған. Осылайша бірлік пен бауырмалдық сипаттың негізінде Ислам дінінің іргетасы қаланды. Хақ Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бейбіт жолмен қасиетті Мекке қаласын алғанда басқа сенімдегі халықтың діни рәсімдеріне құрметпен қараған. Бұл – кез келген басы мен кез келген салаға жауапты адам үшін өшпес өнеге, сарқылмас сабақ деп атар едік. Алла Елшісінің өнегелі ісі басқару ісіндегі барлық адамға үлгі бола бермек. Елімізде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 18 қазан «Рухани келісім» күні ретінде бекітіліп, осы датаға маңыз беріліп жатқан жайттың да өзіндік айрықша мәні бар. Өйткені, рухани келісімсіз келешек жоқ. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: «Халықтарды бір-бірінен бөлетін теңіздер емес, нағандық пен тілдердің бөлектігі де емес, араздық қана. Достық жоқ жерде араздыққа мүмкіндік мол болмақ» деген еді. Аллаға шүкір, бүгінде Еуразия жүрегіміз бейбіт ғұмыр

кешіп келе жатқан Қазақстан төрткүл дүниеге бітімгер, арағайын, ымырашыл іргелі ел ретінде танылды. Еліміздің рухани бірлігін нығайтуға Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да сүбелі үлес қосып келеді. Орыс православие шіркеуінің Қазақстан және Астана митрополиті Александр еліміздегі мұсылман қауымын жыл сайын Құрбан айт мерекесімен құттықтайды. Мен де өз тарапымынан православ сеніміндегі христиандарды Рождество мерекесімен құттықтап, арнайы хат жолдаймын. Өйткені, өркениетті елдердегі діндераралық татулықтың қалыптасуы – аса маңызды іс. Мұсылманның ұлық мейрамы – Құрбан айт күні, сонымен қатар Рождество мерекесі күні ресми демалыс ретінде жариялануы маңызды шешімнің бірі болғаны анық. Құдайға шүкір, біздің елде достырлі діндер арасындағы өзара келісім жоғары деңгейде көрініс тапқан. Дін қайраткерлерінің басын қосып, барша халықты діни татулық пен тұрақтылыққа үндеген еңселі елордамыз рухани келісім мен бірліктің символына айналды. Сарыарқа төсінде өтетін дәстүрлі съездер діндер арасындағы диалогты дамытуға сүбелі үлес қосуда. Елбасының бұл бастамасы хәкім Абайдың: «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен істің бәрі бос», – деген сөзін ғаламдық биікке көтерді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы Жолдауында: «Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашындай сақтауымыз керек. Этносаралық және конфессияаралық қатынастың қаншалықты маңызды екенін барлық азаматымыз түсіну қажет. Біз қашанда алауыздыққа қарсы тұра білген еліміз» деп атап өтті. Расында, қазақ көшіні бастаған кешегі хан-сұлтандарымыз ел басқару ісін ең әуелі ұлтты ынтымаққа ұйыстырды. Бабаларымыздың бүгінгі ұрпағы ретінде баршамыз бірлігімізді беккем етуге үлес қосудымыз тиіс деп санаймыз. Алла Тағала халқымызға амандық, жұртымызға тыныштық, күллі адамзат баласына ынтымақ нәсіп еткелі. Әмин!

Наурызбай қажы ТАҒАҢҰЛЫ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти

kazislam.kz №125

# Қазіргі заманғы діни ахуал және зайырлы мемлекеттің қағидалары

Елімізде тіркелген діни бірлестіктер ішкі саяси тұрақтылыққа, конфессияаралық және этносаралық келісімді нығайтуға орасан үлес қосуда. Бұл бәрінен бұрын Қазақстанның ең ірі діни конфессиялары – мұсылмандардың діни басқармасы мен Орыс православие шіркеуіне қатысты. Олар жалпыадамзаттық құндылықтар мен гуманистік мұраттардың ақиқаттығын насихаттай отырып, оңды рухани-адамгершілік міндеттерді орындауда. Бүгінде елімізде діни ахуал тұрақты деп бағаланады. Бұл, біріншіден, бізде барлық дәстүрлі діндердің өмір сүруі мен дамуына қолайлы жағдай жасалғандығымен түсіндіріледі. Жүзден астам ұлт пен 18 конфессияның өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр, олардың 70 пайыздан астамы сүнниттік мұсылмандар. Екіншіден, мемлекет тарапынан көптеген ағарту жұмыстары жүргізілуде, оған қомақты қаражат бөлініп, тұтас бағдарламалар мен жобалар әзірленіп, қабылданды, еліміздің түпкір-түпкірінде ақпараттық-түсіндіру топтары жұмыс істейді, көптеген ресми рухани-ағартушылық сайттар ашылды, мақсатты халықтың діни сауаттылығын арттыруда және жалпы тұрақты діни ахуалды қалыптастыруда. Қазірде еліміздегі діни ахуал әрбір саналы азаматты алаңдатады. Осыған байланысты күнделікті қоғамдық қатынастарды діни ұстанымның ерекшеліктері мен әртүрлі қырлары жарыққа шығып жатыр. Дінді ұстанушылардың қатары молайған сайын қоғамдық ортада жағымды-жағымсыз пікірлер туындап, қарама-қайшылықтар, отбасылық өмірдегі кикілжіңдер, діни түсініктері ашықталып белең алуға, Егер, әлем елдеріндегі осы діни ұстаным мен қарым-қатынастарға байланысты қайшылықтарды назарға алар болсақ, діни алауыздық пен бөлінушіліктің зардабы

орасан болатындығына көз жеткізуге болады. Соңғы жылдары Қазақстанда адамдардың рухани білімге деген қызығушылығының айтарлықтай артып келе жатқанын және бұл үрдісті қоғамымыздың одан әрі дамуына және конфессияаралық келісімнің сақталуына бағыттаған орынды. Еліміздің мұсылмандары дәстүрлі исламның ханафит мазһабын ұстанады, бірақ, өкінішке орай, исламның дәстүрлі емес бағытын ұстанып, теріс жолды таңдайтын жастарымыз да бар. Осындай жігіттермен шындап жұмыс істеп, адауының себебін түсіндіріп, дұрыс жолға салу керек. Тәуелсіздік жылдарында біз мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастардың онтайлы моделін қалыптастыра алдық және бұл бүкіл көпұлтты Қазақстан халқының да, ел басшылығының да зор еңбегі екенін мойындау керек. Қазақстан – зайырлы мемлекет және діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі Қазақстан Республикасының ар-ождан және дін бостандығы принциптері, азаматтардың тең құқығы бар демократиялық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құруға бейілділігін растайтынын, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктегі азаматтардың тең құқықтарын, мемлекеттің діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпау принципін және халықаралық қоғамдастық қабылдаған басқа да негізгі нормаларды білдіреді. «Халықаралық қоғамдастықта зайырлылық ұғымына қатысты түрлі түсінік бар. Бұл өз кезегінде мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастың ортақ сипатын танытатын нақты үлгінің жоқтығын білдірсе керек.

Десек те, кейбір елдерде «зайырлылық діни мемлекеттің қарама-қарсы пішімі» деген мазмұндағы ұғым қалыптасқан. Осы орайда «зайырлы» атауын

түсінуде, зайырлы елдің болмысын сөз еткенде біртекті пікірдің орнықпағаны аңғарылады. Негізінде зайырлы мемлекеттер діни мемлекеттен бөлу идеясын ұстанатыны белгілі. Бұл мәселеге қатысты сөз қозғағанда зайырлылық қағидаты бойынша діни догманы мемлекет заңдарынан алыстату көзделетініне, бірақ дінді қоғамнан бөліп тастау қарастырылмайтынына, оның діни бостандықты айқындайтынына мән берілуі тиіс. Дегенмен кейбіреулер зайырлылықты атеизм бағыты деп түсінді. Шын мәнінде атеизм дінге үзілді-кесілді тыйым салса, зайырлылық дінді ұстану мен ұстанбауда таңдау құқығын беретінін ескерген абзал. Дін қоғамды сауықтыруда, адами қарым-қатынастарды реттеуде, бейбітшілікке үндеуде, отбасылық құндылықтарды нығайтуда және басқа да мәселелерде негізгі идеологиялық құралдардың бірегейі.

Сондықтан әрбір мемлекет өзінің діни қарым-қатынас орнатуында тиімді моделін құруға мүдделілік танытады. Қазіргі таңда мемлекет пен дін арасындағы үйлесімді байланыс, орнықты қарым-қатынас қоғамымызға татулық пен тыныштықтың сақталуына, рухани және мәдени тұрғыда дамуымызға, радикализмнен қорғануымызға өзіндік оң ықпалын тигізіп отырғанын айта кеткеніміз жөн. Бұл өз кезегінде мемлекетіміздің халық талабы негізінде азаматтардың ар-ождан бостандығын қорғай отырып, Конституциямызға сәйкес зайырлылық қағидаттарының онтайлы үлгісін ұсына білгенін ұқтырады.

Б.АБДРАХМАН, Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы, Рауан НАРБЕК

kazislam.kz №125

## 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ БІРЛІГІ КҮНІ

# Ұлтты ұйыстырған қасиет

Татулық пен бірлік қазақтың қанына сіңген менталитет. Бүгінде түрлі этнос өкілдері бірегей ұлт ретінде ұйысып, ырыс пен ынтымақты дәріштеп, түрлі сын-қатерлерді артқа тастап келеді. Әділетті Қазақстанның іргетасын бірге қалап, саяси аренада әлем елдерінің алдында өзінің тұрақтылығын да толық дәлелдеді. Ендігі мақсат – ел тағдырын айқындайтын маңызды жобаларды, саяси-экономикалық реформаларды табысты жүзеге асыру. Ол еліміздегі саяси тұрақтылықтың өзі бірлік пен татулыққа тікелей байланысты.

Салтанат ЛПНЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде жиі айтылатын ұлттық менталитет бір күнде қалыптасқан жоқ. Әуелде, елдің тұрмыс-тіршілігіне, табиғатына, тарихи жағдайларына байланысты дамып, қалыптасты. Ұлан-байтақ жерді қорғау қажеттігі қазақтың бойында батырлықты, ержүректікті дамытты. Қонақжай болуы да осыдан. Айшылық алыс жолға шығып, кездескен үйге «Құдайы қонақ» ретінде қона жатып, сый-құрметке бөленді. Бірақ, уақыт бір орында тұрмайды...

Сол сияқты, ұлттық менталитет те қалып қалған қағида емес екенін айтуда ғалымдар. Үнемі өзгеріске ұшырап, халықтың белгілі

бір мәселелерге қатысты да көзқарасы өзгереді.

Ұлттық менталитет жайлы айтқанда, әр ұлттың өзіндік ерекшелігі, дербестігі болатыны жайлы да айтқан жөн. Ал, сол ерекшеліктердің бәрі бірігіп, бір арнаға тоғысып, ортақ мақсатты көздегенде ұлттың ұлылығы да сол кезде байқаламақ.

Қазақстан – көп этносты мемлекет. Олардың әрқайсысының өзіндік өмірлік ұстанымы, дүниетанымы бар. Бірақ, бір шаңырақтың астында өмір сүріп, бір-бірінің жақсы қасиетін бойға сіңіру арқылы бүгінгі жағдайға, атап айтқанда, бір-бірін жақ санамайтын, ортақ мүдде жолында еңбек ететін бірегей ұлтқа айналды.

Мәселен, қазақ қонақжай ха-

лық. Оның бұл қасиетін елімізге қиын-қыстау заманда келіп, жақсылығын көрген өзге ұлт өкілдері де бойына сіңірді. Ал, қазақ болса, өздері бауыр деп бауырына тартқан өзге этностардың да дүниетанымын жақ көрмей, жақсылығын алуға тырысты.

Еліміз даму үстінде. Жыл сайын озық елдер қатарына қосылу жолында елімізде түрлі саяси-экономикалық шешімдер қабылданып, алдағы мақсаттар да түрлене түседі. Кезінде елдің экономикалық жағдайы, халықтың әлеуметтік тұрмысын көтеру бастапқы орында болса, бүгінде Қазақстанның алдындағы мақсаты да әралуан. Бүгінде демократиялану жолындағы еліміздің ұстанған саясатының өзі – бірегей. Солай болуы да заң-



дылық, Себебі, бұл елде ғасырлар тезінен өтіп, әбден қалыптасқан, қайралған түрлі ұлттардың ең жақсы қасиеттері бір арнаға тоғысып,

ұлттық мүдде жолында жұмыс жасауда. Татулық пен келісімді тек сөз ретінде ғана емес, күнделікті өмір салтына айналдырған. Дәл осы қа-

сиеттер генетикалық тұрғыда ұрпақ бойына дендеп еніп, жылдар бойы жасап келеді және одан әрі де жасай беретіні сөзсіз.



## • БІЗДІҢ СҰХБАТ

# Лилия КИМ: Бейбітшілік пен тұрақтылық ауадай қажет

Кеншілер шаһарындағы корей этномәдени бірлестігінің негізі Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылмай тұрып қаланған. Бүгінде жұмыс істей бастағанына 35 жылға жуықтапты. Осыдан төрт жыл бұрын Қарағандының орталық демалыс саябағында «Қазақ еліне мың алғыс» атты естелік белгі орнатқан. Оған жыл сайын гүл шоғын қойып, бабалар рухына тағзым етеді. Мемлекеттік тілді меңгеруде де бірлестік жастары белсенділік танытуда. Бірлестік мүшелерін берекелі іске ұйытып отырған, облыста Ассамблея филиалы құрылғалы басы-қасында жүрген корей этномәдени бірлестігінің жетекшісі Лилия Михайловна Ким ханымға мереке қарсаңында бірнеше сұрақ қойдық.

– Лилия Михайловна, сөзімізді Қазақстан халқы Ассамблеясының Қарағанды облысындағы ролінен бастасак.

– Тарихтан Қарағандының көп-этносты облыс екенін білеміз. Қарағандылықтар үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының ролі – ерекше. Ассамблея құрамындағы этнос өкілдерінің аға буыны жастарға салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, ата-баба тарихын және басқа да құндылықтарды аманаттап, ұрпақ сабақтастығын сақтап келеді. Ал, қазақтардың қонақжайлығы мен бейбітшіліктің қадірін білуі, толеранттылығы, әр этностың құндылығына құрметпен қарауы бізге күш-жігер береді. Бір үйдің баласындай бірлігімізді паш ететін шаралар дәстүрлі түрде өткізіледі. Жеткен жетістіктерімізді бағалап, барға қанағат қылып, аймақтың өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрміз.

– Ассамблея сессиясында жыл сайын жаңа міндеттер қойылады. Сол мақсаттар жүзеге асырылып жатыр ма?

– Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамалары мен жобалары жастарды патриоттық рухта өзара сыйласып, ымыра-бірлікте өмір сүруге тәрбиелеуге бағытталған. Форум, фестиваль, дөңгелек үстел, слет, сенбілік, волонтерлік жобалардың бәрін өткізудегі мақсат жақында жанышар,

адал еңбек пен бәсекеге қабілетті болуға үндейді. Жыл сайын орталық саябақта дәстүрлі түрде өтетін фестиваль сөзімізге жарқын мысал болады. Онда аймақта өмір сүретін этнос өкілдері қасиетті Арқа жерінде тең құқықты өмір сүріп, кәсіппен айналысып, өсіп-өніп жатқаны көрсетіледі. Әр жылы сәуір айында өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында жүктелетін мақсат-міндеттерді Қарағанды облысы толық орындап келеді.

– Облыста қанша корей этносы өкілі бар және олардың Қазақстанға келуі жөнінде қысқаша айтсаңыз?

– Статистикалық дерекке сүйенсек, облыста 12 мыңнан астам корей өмір сүреді. Олар сталиндік режимнің күштеп қоныстандыруымен Қарағандыға табан тіреген. Қиыр Шығыстан тағдыр кешіп келген бабалар осылайша, Арқа жерінде тұрақтап қалған. Жергілікті халықтың кең құшағы мен адамгершілік пейілі оларды аман сақтап, өсіп-өнуіне жағдай жасады. Басқа аймақтарға қарағанда Қарағанды облысында кез келген саладан сапа және ұқыптылық байқалады. Өзің адал һәм еңбеккер болсаң, кем болмайсың. Жұмыс көп, ынта болса, болғаны.

– Сіздіңше, Қазақстандағы этносаралық татулықтың нышаны қандай?

– Этносаралық татулық барша қа-



зақстандықтың өмірлік ұстанымы десе артық емес. Әр этнос өкілі этникалық тұрғыдан Заңмен қорғалатынын мақтан тұтады. Барлық саладағы бірлік пен ынтымақ даму мен өркендеуге жетелейтін білеміз. Ішімізден іріп, өзара араз болсақ, кез келген сынаққа төтеп бере алмас едік. Аяққа нық тұрғанша бізге тек бейбітшілік пен тұрақтылық қана ауадай қажет. Мұны әрқайсымыз түсінуіміз керек.

– Корей этномәдени бірлестігінің мүшелері мемлекеттік тілді қаншалықты меңгерген?

– Мемлекеттік тілді меңгеру – өте маңызды қадам. Біздің буын бұл жағынан сәл орашалақтау. Өйткені, Қарағанды орыстәнділер көп шоғырланған аймақ болды. Орыс тілі кең таралды, жақсы дамыды. Біз сондықтан, қазақша үйрене алмадық. Түсінеміз

және аздап сөйлейміз. Осы деңгейде ғана. Терендеп бару қиын. Ал, жас буын еркін сөйлеу деңгейіне талпынып жүр, оларға бар жағдай жасалған. Достық үйінде «Мәміле» қазақ тілі клубы жұмыс істеп тұр. Басқа да орталықтар баршылық. Олар концерттерге қатысады, білімін жетілдіреді, шараларға үлес қосады. Ән айтады, өлең жаттайды, оқиды. Мемлекеттік тілді үйреніп қана қоймай, өз этносының да құндылығын қазақша насихаттай алады. Сөз соңында еліміздегі осы тұрақтылықтың мәңгілік болғанын қалайтынымызды айтқым келеді. «Мәңгілік Ел» болу әрқайсымыздың асыл мұратымызға айналсын!

– Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан  
Жәлел ШАЛҚАР

## • БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

# «Интернатта оқып жүр...»

Өзінің тікелей міндетін жете түсініп, табысын адалынан тауып, елдің тыныштығына, дамуына, өркендеуіне айқай-сүренсіз-ақ үлес қосатын мекемелер болады. Олар үнсіз ағып жатқан бұлақ сияқты. Бастысы – еңбегі – жемісті, ары – тыныш. Қонақалары және әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес отбасы балаларына білім мен тәрбие беретін №4 мектеп-интернаты сондай зор жүк арқалаған білім ұясы. Мұнда қазақ, орыс, әзірбайжан, беларус, болгар, неміс, татар, украин және сыған этносы өкілдерінің балалары бір үйдің баласындай, бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешіп, білім алып жатыр.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мектеп-интернат орыс тілінде 9 жылдық жалпы білім береді. Әлихан Бөкейхан ауданының Пришахтинск бөлігінде 23 ықшамауданда орналасқан. Мектептің негізі 1961 жылы қаланған. Басшысы – Майра Нұрғазина.

Интернат жатақханасында 180 оқушы. Жатақханада барлық жағдай жасалған. Әр сыныптың өз отрядымен ұйықтайтын бөлмесі бар. Дәрігерлік пункт тәулік бойы жұмыс істейді. Күніне бес мезгіл тамақ береді.



Мұнда 27 ұстаз, 9 тәрбиеші еңбек етеді. Таңертең 11:00-ден 21:00-ге дейін тәрбиешілер өз тобындағы балаға жауапты. Таңертеңгі 8:15-тен бастап, сабақ уақытында сынып жетекшілерінің көз алдында, Ал, 15:00-де тәрбиешілер өз тобын қайта қабылдайды. Түстен кейін ертеңгі сабаққа дайындалады, үйірмелерге барады. Бөлмелерін тазалайды, киімін реттейді, таза ауада серуленеді.

Ұлдар – «Жас сарбаз», «Жас құтқарушы», «Жас эколог» сынды үйірмелерге қатысады. «Жас сарбаз» қатарына 7 сыныптан қабилданады. Тәуелсіздік күнінде арнайы ант беріп, қатарға қосылады. Содан бастап, күнделікті және шерулік әскери киім режиміне көшеді. Саптық жыйндар, тәртіп

орынбасары Ақшабақ Әбішева.

Төтенше жағдайлар министрлігінің 52 859 әскери бөліміне барып, жас құтқарушылар тәжірибе жинайды. №15 өрт сөндіру бекетінің есігі де арқашан ашық.

Қоғамдық шараларға белсене қатысады. Н.Гоголь, Ж.Бектұров, Абай атындағы облыстық кітапханалар және мүмкіндігі шектеулі оқырмандардың арнайы облыстық кітапханасымен де тығыз қарым-қатынаста. Экомұражай, «Сарыжайлау» кинотеатры, «Молодежный» мәдениет үйі және басқа да мәдени-демалыс орындары тегін концерттер мен кештерге шақырып тұрады. Жұырда Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында Тәттімбет өнер колледжінің студенттері келіп, те-

## • АССАМБЛЕЯ ЖАСТАРЫ

# Жастардың жаңа қадамы

Жастар – қашанда қоғамның қозғаушы күші. Болашағын бағамдайтын ел жастарына ерекше көңіл бөледі, бұлақтың көзін ашқандай, жастардың жолын ашады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бір шаңырақ астында тату-тәтті тұрып жатқан түрлі этнос өкілдерінің жастарын біріктіретін «Ассамблея жастары» ұйымын құрудағы мақсат та осы болатын. 2021 жылы 17 қарашада өз жұмысын бастаған республикалық қоғамдық бірлестік Мемлекет басшысы мен ҚХА Төрағасының бастамасымен құрылған еді. Ал, Қарағанды өңіріндегі «Ассамблея

ни мұраны сақтауды көздеуі «Ел мұрасы», экология мен қоршаған ортаны қорғау бойынша «Таза орта», әскери-патриоттық тәрбие беруді көздейтін «Қасиетті парыз», сондай-ақ, медиа-жобаларды дамыту және медиа-сауатты арттыру бойынша «Jastar media» бағыты бар.

Өкілдік құрылғаннан соң, «Ассамблея жастары» еріктілер лигасы, пікірталас лигасы, «BIZ BIRGEMIZ» жастар лигасы, «Біз – біргеміз!» әлеуметтік-қайырымдылық жобасы қолға

дамыту, жастардың бастамаларына қолдау көрсету, олардың жобасы мен идеяларын жүзеге асыру. Өңірдегі қаншама игі істер сол жастардың белсенділігімен жасалуда. Мәселен, Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінің қарсаңында Әлихан Бөкейхан ауданында экоакция өткізілді. Табиғатты сақтау, тазалық жүргізу бағыты бойынша жастар белсенді жұмыс жасап жатыр. Былтыр Қарағанды қаласының оңтүстік-шығысындағы аллеяны тазарту бойынша плагинг өткізіліп, 122 ағаш отырғызылды. Алдағы күндері біз Достық үйінің алдына Достық аллеясын отырғызуды жоспарлап отырмыз, – деді

күші мен қызметі ерек. Еріктілер лигасында «Birgemiz: Qamqo» және «Birgemiz: Umi» жалпыұлттық жобалардың 100-ден аса еріктісі бар. Қиын жағдайларда олар әрқашан көмек қолын созуға дайын болды. Мәселен, Қостанай облысында болған өрт кезінде гуманитарлық көмек жинауға және сұрыптауға белсенді қатысқан, сондай-ақ, еріктілердің бір бөлігі зардап шеккендерге көмек беру үшін тікелей аймаққа барып, қол ұшын созды.

Жалындаған жастардың озық идеялары мен бастамалары мемлекет тарапынан қолдау табуда. «Ассамблея жастары» қоғамдық бірлестіктің өңірлік өкілдігінің басшысы Александр Урмашов 2022 жылы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының көмегімен жастар бірлестігінің ірі жобалары жүзеге асқанын айтты. «Жастар арасында таралған синтетикалық есірткіге қарсы күрес, еріктілер қозғалысын дамыту, «Күміс» волонтерлік дамыту, бейбітшілік пен келісім идеясын насихаттау бойынша түрлі шараларды өткізу қолдау тапты», – деді өкілдік басшысы.

Ассамблея жастары өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуіне ықпал етуде. Мәселен, Қарағанды облысы бойынша «Ассамблея жастары» жетекшісінің орынбасары Гүлзат Құсайынованың айтуынша, жастар қазақ тілін дамыту бағытында да жұмыс атқаруда. «Ассамблея жастары» ұйымы тарапынан тіл үйренудің жаңа форматтары «Қазақша tea-talks» және «Үйде сөйле» жобалары қолға алынған.

– Мен бұған дейін «Еріктілер лигасының» жетекшісі болдым. Еріктілер лигасына қосылу үшін әртүрлі ұлт өкілдері біздің сайтта өтініш қалдыратын. Олардың қатарында орыс, әзірбайжан және украин ұлт өкілдері болды. Сол кезде олар орысша ғана сөйлейтін. Қазір бірлесіп жұмыс жасау кезінде олар қазақша үйреніп келеді.

ҚХА-ның негізгі мақсаты – ұлттар арасындағы достықты сақтау. Ассамблея жастары да осы ұстанымды қолдайды. Достықты құру, дамыту, сақтау үшін мемлекеттік тілдің оқытылу деңгейін жақсарту керек. Жоғарыда аталған жобалар осы мақсат бойынша қолға алынды. Бұл мемлекеттің жарқын болашағы үшін қажет қадамдардың бірі, – деді ол.



жастары» ұйымының өкілдігі 2022 жылы 26 қаңтарда жұмыс бастады. Аз уақыт ішінде ұйымшыл жастың қаншасы игі істердің басы-қасынан табылды десеңізші?! Ендеше, жастар ұйымының жақсы істерін саралап көрейік.

«Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысындағы өкілдігіне Қарағанды медицина университетінің комплаенс-офицері, «Дакия» румын мәдени қоғамы» ҚБ жастар қанатының жетекшісі Александр Урмашов тағайындалған.

Жастар ұйымы алты бағыт бойынша жұмыс істейді. Алғашқысы «Social Assembly» – жастарды әлеуметтік қолдау, білім деңгейін арттыру және жұмысқа орналасуға көмек беру, мемлекеттік тілді үйренуге арналған «Бірлік тілі», тарихи-мәде-

алынған. Өкілдік құрылғаннан бері іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге 1 миллион теңгеден астам демеушілік қаражат бөлінген. Былтыр румын қоғамының қолдауымен белсенділер психикалық дамуы тежелген балаларға 130 сыйлық дайындалған. Ал, Алғыс айту күнін мерекелеу қарсаңында аз қамтылған және көп балалы 30 отбасыға балаға қажет тұрмыстық зат таратқан. Сонымен қоса, Халықаралық балаларды қорғау күніне орай өкілдік Ақтас кентінде тұратын көп балалы отбасына (6 бала) компьютер сыйлады. Қарттар күніне орай мерекелік түскі ас және концерт ұйымдастырылып, мекеме үшін музыкалық жабылғат сатып алынған.

– «Ассамблея жастары» қоғамдық бірлестігінің басты мақсаты – әскери-патриоттық тәрбие беру, жастармен жұмыс жасау, мемлекеттік тілді

Александр Урмашов.

Өңірдегі мектеп оқушылары, колледж және ЖОО студенттері үшін «Бейбітшілік және келісім сабақтары» жобасы іске асыруда. Онда Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері мен облыстағы түрлі этномәдени бірлестіктердің белді мүшелері дәріс оқиды.

«Ашық аспан астындағы тарих сабағы» жобасымен жастар өңірдегі киелі орындарға барады. Бұған дейін олар Спасск мемориалдық кешенінде және Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайына барды. Онда киелі мекен тарихы, этникалық топтардың жаппай депортациялануы, өзге этностардың біздің елімізде пайда болу тарихы туралы айтылды. Кейінгі ұрпақ үшін өткен тарихымызды білу өте маңызды, – деді Александр Урмашов. Өкілдіктегі Еріктілер лигасының

мәселесі жолға қойылған. «Жас сарбаз» сыныбының өз ережесі бар.

Қыздар шаш кино, іс тігу, тоқыма тоқу, сурет салу сынды үйірмелерге барады. Бұдан бөлек, спорттық секциялар да бар.

Балалар мектеп формасы, әскери, спорт формасы сынды өзге де керек-жарақпен тегін қамтылған. Тек, құжаты түгел болса болғаны. «Мейірім тамшысы» атты еріктілер қатарында да белсенді. Домбыра, флейта, гитара, баян үйренуге де мүмкіндік бар.

– Біз балаларды оқытып, оларға киім-кешек берумен шектелмейміз. Ұлттың, нәсіліне қарамай, ата-аналарын да қоғамға, жұмысқа бейімдейміз. Қажет болса, үйірі-

гін концерт қойып, оқушыларды қуантып кетіпті. Мақсат – ортақ, жеткіншектерді патриот қылып тәрбиелеу.

Айта кетерлігі, «Жас сарбаз» сыныбын бітірген оқушылар Т.Бигелдинов әскери мектебіне оңай түсе алады. Сондықтан, интернаттағы әр ұл бұл сыныпқа өтуді төменгі сыныптан бастап армандайды.

Мектеп-интернат балаларының өсіп-өнуіне түгел саналы ғұмырын Лариса Эдуардовна, Александр Викторович сынды ардагер ұстаздар арнаса, қазіргі таңда Гүлмира Серікқызы, Асылзат Серікқызы сынды білікті ұстаздар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білім беріп, елдің ертеңі, болашағын қалыптастыруға сүбелі үлес қосып келеді.


● ЖЫР-ШАШУ

Ғалым Жайлыбай – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі. Өз буынында көш бастап жүрген кең тынысты, сыршыл ақын. Ғалым ақынның өлеңдері мен поэмалары топтастырылған «Ай таңбалы Арғымақ» кітабына 2022 жылы Қазақстан Республикасының Абай атындағы мемлекеттік сыйлығы берілді. Академик Серік Қирабаев ақын шығармашылығына: «...Ғалымның ақындық өнердегі жаңашылдығы – тілінде, оның бейнелік сипатында, суреткерлігінде» деп баға береді. Шайырдың өзі жырлағандай «Көктемнің жазға қарай қашқан» тұсында аталған кітаптан өлеңдер топтамасын назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік. Мархабат, ардақты оқырман!

РЕДАКЦИЯДАН

**Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ, ақын, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты**

# «Сары бел, сағым ұшқан сайран далам...»



**Жылқышының баласы...**

Байтал-бұлттың құлын-қыр төсін еміп,  
Керуеннің Арқаға көші келіп;  
Пушағында Бетпақтың біздің ауыл  
Жататұғын кез еді өсіп-өніп.

Қай жыл еді, есте жоқ, қай күн еді?  
Жұлдыз жанып, аспаннан Ай күледі.  
Түн түндігін тілгілеп камшысымен,  
Жылқышының баласы тай мінеді.

Сол ауылдың жаны – жаз, күлкісі – күн,  
Қайтар кезі жақындап жыл құсының.  
Айкүреңі атағын әйгілеген,  
Тай мінеді баласы жылқышының.

Көз алдымда көлбесе жусанды қыр,  
Буырқанып көңілім, бусанды іңір.  
Жылқышының баласы тай мінгенде,  
Жеткізбейтін сағымдай қусаң ғұмыр.

Жастығымның жазира жайлауы құт,  
Айдан асып асқақтап айман үміт.  
Топқа түсіп кеткенмін тоғызымда,  
Тобылғы сап камшы ұстап тайға мініп.

Ерте келген көктемнің елесі боп,  
Зулайды күн ойы мен белесі көп.  
Асау тайдың жалында...  
тізгін қағып...  
Көз алдымда көлбейді көне сурет.

Байтағымның бақыты – толғағаным,  
Қыран болып көгіңнен сорғаладым.  
Белі шықпай бесіктен бәйге көрген –  
Жыр жазбауға хақы жоқ сол баланың.

Жаздар қалды соңымда, күздер қалды,  
Тай тұяғы жаншыған іздер қалды.  
Жылқышының баласы – жылқы мінез –  
Тұнықтың да тұнығын іздер мәңгі...

\*\*\*

Сеземін нұр-шырай барын,  
Бағыма балаған ғұмыр!  
Тыпырып тыншымай жаным  
Аңсайды аламан-дүбір.

Өмірден сый күттім керім,  
Жаһанның мұрагеріндей.  
Жүйткілі жүйрік күндерім –  
Ақанның Құлагеріндей.

Жігерін жанымайды ерім,  
Көгерін көргеннен бері.  
Тұлпарды танымайды Елім –  
Толыбай өлгеннен бері...

Қайтейін...  
ұзарды күнім,  
Өкпемді өмір қысады.  
Ұяттан қызарды бүгін –  
Қамшымның тобылғы сабы.

Жөн еді...  
сезбесем мүлде,  
Естімей даладан дүбір.  
Өзіңмен кездесем күнде –  
Бағыма балаған ғұмыр!

**Ай таңбалы арғымақ**

Жарқ-жүрк еткен жарығым жанар арбап,  
Бір жыр жазып қояйын саған арнап.  
Ай таңбалы арғымақ Ай астында –  
Айдай жүзіп барады ағараңдап...

Жылап аққан жылтырап жылға басы,  
Айыл жиып, айкөзбе түнде адасып...  
Ай таңбалы арғымақ, айналайын,  
Далаға ынтық, екеуміз қырға гашық.  
Тағдырынан сый күткен бір шамалы,



Ақбозымды қай түнек тұмшалады?  
Ай таңбалы арғымақ  
Ай астында –  
Құйрық-жалын тараған түн самалы.  
Ай таңбалы...  
арманын айта алмады,  
Күс әніндей құйқылжып қайтардағы.  
Таңбаң айдай, сен неткен бақыттысың –  
Мендегі ешкім көрмейді Ай таңбаны.

Серік болар пырағым саналы ұлға,  
Қандай жазу бар екен таланыңда?  
Өрге белден бебеулеп қосыласың,  
Дөңгеленген дүние – жанарыңда.

Арғымағым,  
арман не – Ай таңбаң бар,  
Анық ақын – айтарың айта алғандар.  
... Ай таңбалы арман да –

Ай астында,  
Айналайын, меселін қайтармаңдар!

Байғыз бұлбұл болмайды сайрағаннан,  
Кешемін деп жүрсең бе  
қайыра жалған?..

Ақиқатың өлмесе қайда қалған –  
Ай таңбалы арғымақ –  
Айдай Арман...  
Сана құйған саңлағым санаңа аруақ,  
Бір жыр жазып кетейін саған арнап.  
Ай таңбалы арғымақ  
Ай астында –  
Айдай жүзіп барады ағараңдап...

\*\*\*

Өмір кештім, мен де бір өмір кештім,  
Көрпесіндей сусыған көңілдестің...  
Көздерінен күндердің шуақ еріп  
Көкөрайлы көктемді қуады елік...  
Арлы армандар арнаға толтырғаным  
Жартастарды сүйеді толқындарым,  
Ақ қар еді туганда...

ақпан еді,  
Әппақ әлем бөледі баққа мені.  
Ақындардың ат қосып санағына,  
Аққулардың жыр жаздым қанатына.  
Тынышымды алған тылсымдар

тілдескенім  
Тұлпарына ешкімнің мінгеспедім.  
Көңілімнің көмбесін жиі ақтарып,  
Сазға біткен сары ағаш сияктанып –  
Солқылдадым, несіне жасырамын?  
Сонан кейін сізге аян тасығаным...  
Өлең болып өріліп өскен өңір,  
Көлбең-көлбең етеді кешкен өмір.  
Сөзле ойнатып сұлудың сырғасына –  
Күнім шықты өрмелеп қыр басына.  
Төңірекке төбел нұр төккен арай,  
Көкжиегім кенді көкке қарай.  
Басын иіп тұрған соң еңіс біткен,  
Мен өзімді ізледім кеңістіктен.  
Он бесінде туған ай толысарын,  
Жол біткеннің бір жерде тоғысарын  
Ұғып бүгін «ай-хой» деп дауыстадым,  
Қарғам, сенің қай кітап тауысқаның?  
Өмір кештім, мен де бір өмір кештім...

**Сексеуіл**

Тамшы су тілеп ырымға  
Ақ жаңбырларға алаңдар.  
Бетпақтың бетбақ құмында  
Сексеуіл өскен алаң бар.

Тағдырдың талма толғағын  
Көтергендерді күндеме!  
Шегір құмдардың шерлі әнін  
Шерттеді шебер шілдеде.

Сексеуіл мұңды пішінде  
Көктем нұр тілеп көңілі.  
Қаңсыған құмның ішінде  
Кезеріп кеткен өмірі.

Алақан жаю аспанға  
Қасірет...  
қайтіп жан шыдар.  
Мерейің тасып мастанба  
Ілінген бұлтқа, тамшылар!

Көрдім де сұрын мұңдандым,  
Сексеуіл соры – бес елі.  
Жолдарын көшкін құмдардың  
Қайыспай түзде кеседі.

Тектілік тегі, мұқалса,  
Құм боран әнін салады.

Жылу жетті жаныма жеміс егер,  
Өлені өмір өренмін, өрісі өнер.  
Анам келді ауылдан, Алатауым,  
Қуанышын ақынның бөлісе гөр!

Анам келді ауылдан арна кеуде,  
Тамылжып кеп табыстым таңғы әуенге.  
Когал қуып келмегем Көктөбеге  
Алматыға келмегем алма жеуге.

Шаңыраққа шырай боп, ісіме құт.  
Көңілінің көгілдір құсына еріп,  
Анам келді ауылдан бір көруге  
Жиі-жиі жүрген соң түсіне еніп.

Ақынды алған аз емес қарауылға,  
Мен ауырсам болады, сен ауырма!  
Ей, жүрегім...

**Арғымақтар  
(Көңіл күйі)**

Сырласқым келген мен Сізбен,  
Тербетіп таңғы бақтарды;  
Еңістен көрдім, елсізден –  
Арыған арғымақтарды.

Сары белдердің сағымы  
Сарнаса алдан анталап.  
Арғымақтарым арыды,  
Қамшылар жағы қанталап...

Құла даланың төсінен  
Құба бір күйді жалғадым.  
Өлеңге қалай көшірем  
Арғымақтардың арманын?

Сөзіңнің бәрі сандырақ,  
Өзіңді ғана қүйттеме!  
Арғымақ деген – Арғымақ,  
Қарғылап ұстар ит деме!

Төбемде жүзген Күнім ең,  
Не дейін саған, кешқұрым?..  
...Көзімді жұмсам, түнімен  
Қобыздың зарын естідім.

**Сүт беріңдер!**

Бетпақдала!  
Жанарым ғашық алап,  
Жаныма орап,  
Жүректің жасына орап,  
Сүйгем оны...  
Жайлауда жаз өткергем  
Құралайын киіктің асырап ап.

Баянсыз күн басынан бақ ұшырған,  
Сынақ көріп туганнан сағы сынған.  
Енесінен адасқан құралайға  
Ақ дүниенің атынан ақ ұсынғанам.

Жұмыр бастың шешетін  
жұмбағы ауыр,  
Бұлаң еткен бұлдырап  
бұл да дәуір.  
Енесінен елсізде адасқанға  
Сүт беруді үйреткен қырдағы ауыр.

Таңда өлеңім сол болып, кеште өлеңім,  
Өмір жырын ақ сүтпен кестеледім.  
Жетілген соң: – Құралай,  
Қош! – деп едім – алтыда едім...  
жоқ әлде бесте ме едім?..

Ғажайыптан тұрады ғалам лебі,  
Өн бойында өмірдің бар өрнегі.  
...жалт қарады ол, арман-ай,  
қоштасарда  
Сондай жанар көрмедім содан бері.

Айтам деген сыр еді ілгеріден,  
Армандыға ақ берген күндерім ең.  
...Өмір зулап барады көз ұшында.  
Өлең кетіп барады бірге онымен.

Көңілімнің көлдерін мұңдарға орап,  
Сыңсып ұшты бір құсым сынған қанат.  
Құлдырандап жүгірген құралайға  
Қырдан асып кеткенше тұрмақ қарап.

Көктөбеден көктемді күткенінде ел,  
Үзік-үзік үмітін үптедіңдер!  
Қазақ та бір – киіктің құралайы  
Жаутаңдатпай жапанда сүт беріңдер!



Шарықтасып,  
Шалқысын көкте құсың,  
Өзектіге бұл өмір өтпелісің...  
– Сүт беріңдер, тірілер, бір-біріңе  
Еріндерің кезеріп кетпеу үшін.

**Қас қағым**

Бақытын да,  
бағын да тел емізген,  
Аулақ қондың,  
Сол дәурен, неге бізден?  
... Өлең көшіп барады жанымыздан,  
Үркер ауып барады төбемізден.  
Зулайды күн, тез еді кеші неткен,  
Жасындары аямай осып өткен.  
... Тойдан күліп қайтатын кездерім-ай,  
Ойландырып келгендей осы көктем.

Беу, тіршілік, сыр ұқтым астарыңнан,  
Тұрады өмір қастерлі қас қағымнан.  
... Күлкім де өшіп барады күннен-күнге,  
Бұлтым көшіп барады аспанымнан.

Өлеңіме өріліп өткен күн әр,  
Көз ұшында келбейді көктем мұнар.  
... Көл жүрегі дір етті құсы қонып,  
Мөлдіреді соңғы рет көктемгі қар.

Ақ таңдардан күтетін аздап арай,  
Жанарымның жаутаңдай жаздағаны-ай.  
... Өткен қашып барады көз алдымынан,  
Көктем қашып барады жазға қарай.

Анам келді ауылдан, нұр аймала:  
«Пана болсын жарығым, Құдай ғана».  
Мамырың боп күтеді тамырың боп –  
Азамағ пен Саламат,  
Гүл – Айдана.

...Алатауға Арқадан Ана келді,  
Бір тойлайын жиып ап тамам елді.  
Мендей ақын табылар іздегенге  
Сіздей асыл табылмас маған енді...

\*\*\*

Шашқанда алтын арай дала таңы,  
Шапағын дүниеге таратады.  
Сен менің бақытымсың, Қазақстан,  
Анамның аялаған алақаны.  
Ізет пен ізгіліктен іркілмеген,  
Тұлпардың өз елімінен тұрқын көрем.  
Сен менің тағдырымсың, Қазақстан  
Үкісі үмітінің үлпілдеген.

Жанынан жыр төгілген, нұр төгілген,  
Қайғының аулақ болсын бұлты елімінен.  
«Ырыс-құт – тату елге нәсіп» деген  
Аманат қалған бізге Құлтегінен.

Мезгілсіз бұзылмасын ұйқың, балам,  
Ел едік дүбір шықса қиқулаған.  
Аққудың қанатынан ән естіген,  
Тұлпардың тұяғынан күй тыңдаған.

Шырағы мәңгіліктің жағылғасын,  
Айбозым аламанда арындасын.  
Көзімнің қарашығы – Қазақстан,  
Сен менің қанымдасың, жанымдасың.

Атынан сөз алғанда қатарластың,  
Қыр кездім, белге шықтым,  
жотанды астым.  
Бірліктің бесігі сен – Қазақстан,  
Арманын әлдилеген Отандастың!

Тағдырдың өзі қосқан, тамыры бай,  
Жанарың жарық болсын, жарығым-ай.  
Сен менің жалғызымсың, Қазақстан –  
Жалғанда жалғыздардың жары Құдай!..

**Сәкен тойы. Ақселеу биігі.  
«Күбі піскен» күйі**

*Гинестің рекордтар кітабына еңбек  
«Мың қыз. Мың күбі» идеясының авторы  
ақын інімі Аманжол Әлтай екенін  
естідім...*

Аманжол, саңлақ інім, санаң айдай,  
Қасқайған қыр басында қарағайдай.  
...Тойында Сәкен аған жарқылдадың –  
Бөжейдің асындағы бала Абайдай.

Шалқитын, өңі түгіл, түсінде өлең,  
Шабыттың маңдайыңнан құсын көрем.  
...Мың ару өз-өзінен қырға шығып,  
Мың күбі өздігінен пісілмеген.

Сары бел, сағым ұшқан сайран далам,  
Рухың аспандады-ау, қайран бабам.  
«...Ақан да бесігінде ән салмаған,  
Құлагер құлынында бәйге алмаған».

Мұңдық ек мұнар күннің мұңын ішкен,  
Тылысымда жүре алмастызы тынып іштен.  
Мың қыз кеп Ақселеудің биігіне –  
Күй шалды, күй атауы – «Күбі піскен».

Байтақтан атың озды, бағың үдеп,  
Төбедің көрмей қалсақ сағының ек...  
Сәкеннің сөнін алған жан бауырым –  
Жыр толған кеудесінің бәрі жүрек.

**Ей, жүрегім...**

Жанарыңның ілініп тамшы жасы,  
Ей, жүрегім, қайталап шаншымашы!  
Сау кезінде салып ем сайранды көп,  
Ауырмашы сен енді, қайран жүрек...

Көктем менен тірліктің күзгі арасы  
Қандай жақын, жүрегім, сыздамашы!  
Ақын үшін Алланың әмірі көп,  
Кеудеміздің жыр тұнған бәрі жүрек...

Бұрқасындар бойыңды мұздай қарып,  
Бәрі жүрек болған соң сыздайды анық...  
Арсыздықпен алысып, арбасам да,  
Салмақ салып қоямын анда-санда...

Тағдырыммен табысқан тағдыр едің,  
Қайран менің жүрегім, жан-жүрегім.



• МЕРЕЙ

Екатерина КУЗНЕЦОВА:

# Қазақта крепостное право болмаған

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ,

Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Мен Екатерина Борисовна Кузнецованың есімін алғаш рет Жәкеңнің (Жайық Бектұров) аузынан естіп едім. Ерекше бір ілтипат-құрметпен айтып еді.

1993 жылы Қарағандыға көшіп келіп, «Орталық Қазақстан» редакциясына келген сайын бұл кісіні сыртынан көріп, амандасып жүрдік. Ол кезде екі газеттің арасында қазіргідей аралас-құраластық жоқ еді. Жазған-сызғандарын оқып жүреміз. Қарағандыда алғаш рет «ҚарЛаг» тақырыбына осы кісі қалам тартып, 37-жылдардың қатпар-қатпар қасіретін ақтарып-төңкеріп жазды. Мені ерекше тәтті еткені он алты жасынан бауырына басқан қоңақжай қазақ халқына деген адал көңілі мен кіршіксіз махаббаты еді. Мынаны қараңыз: орыстың кереуі Жиринскийдің туған жері – Алматы. Осында дүние жарығын көріп, оқып, білім алып, адам болған, түбі – жойыт, ғұмыр бойы қазақты жек көріп, орыс пен қазақтың арасына от қоюмен өтті. Екі адам – бір-біріне кереғар екі дүние!

«Мен Қазақстаннан ешқайда кеткем жоқ, – деп жазды Екатерина Борисовна. – Кетер ойым да жоқ. Қазақтарда крепостное право деген болмаған. Бостандық сүйгіш халық бұл! Ешкімге құл болмаған жұрт!».

Керемет сөз. Орыстың баласы түгілі қазақтың баласының аузына түсе бермейтін сөз. Мұндай сөзді азаттық сүйгіш Некрасовтың әйелдері, шынайы орыс әйелі ғана айта алады. «Пусть смерть мне суждена – Мне нечего жалеть!.. Я еду! Еду! Я должна, Близ мужа умереть!», – дейтін декабрист княгиня ғана айта алады мұндай



сөзді!

Мына жарық дүниеде екі Ресей бар. Оны менен бұрын Лениннің өзі айтып кеткен. Біреуі – крепостное құлдық-күндіктен көзін ашпаған Романовтардың Ресейі, екіншісі – адамзаттық құндылықтарға шөліктеп, өркеніет өріне ұмтылған Достоевскийдің Ресейі. Крепостное правоға қазықтай байланған Гулаг – Сталиннің елі, екіншісі – оған, мүлде кереғар Булгаков пен Евтушенконың, біздің Екатерина Борисовна Кузнецованың Ресейі!

Сексен бесінші белге шығып, туған Қазақстанына махаббат сезімімен мағұрлана

қарап тұрған Екатерина Борисовнаға жыр-дан шашу шашайын:

Қазақстан, қайдасын, халің қалай?  
Алтын, күміс үстіңе тағынғандай, –  
Өзінді-өзің жарылқап тастаған соң,  
Жатырсың ба жаһанға жаның қалмай?

Сөйлессеңші, ішіннен тына берме,  
Шыныңды айт немесе жылап елге;  
Пушкинді де оқымай, Есенинді,  
«Орыс» болу оп-оңай мына жерде...

Анна,\*  
Андрей\*\* –  
Орыстың қанаты олар,  
Оңсыз қалай асау жан тағат алар?  
Кісі екен деп Гогольді іздемейді,  
Собакевич\* сықылды собақалар!

Депрессия дейтұғын дертіменен,  
Кісісіңің кеудесі жер тіреген; –  
Толстойдың сөзіне ұйымаған,  
«Татьянаның әніне»\*\* елтімеген?! –

Бұл қандай жұрт?!  
Ой – жұтаң, сезім де – өлді,  
Құдай – елден,  
Ел – ұлттан безінді енді.  
... «Аттан» салып, алақтап шаба бермей,  
Ат шалдырар Абайға кезің келді...

\*Анна Ахматова,  
\*\*Андрей Вознесенский – орыс ақындары.  
\*\*\*«Татьянаның әні» (Пушкин-Абай).  
\*\*\*\*Собакевич – Гогольдің кейіпкері.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Владимир ТИМОФЕЕВ, музыкант:

# Қазақ әні әлемнің ажарындай

Төрт жасында Арқа перзенті болған Владимир бүгінде Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрінің сырнайшысы. Сырбаз сырнайда қазақ музыкасын әулетке жанмен мереке қарсаңында бір ауыз тілдесе кеткенді құп көрдік...

– Владимир Петрович, өзіңіз хақында аз-кем тоқтала кетсек...

– ... Көзімді ашқаннан бері Арқа төсіндемін. Әке-шешем Ресейдің Кемеровосынан техникум тәмамдаған соң жолдама алып, Қарағандыға келіпті. Музыка әлеміне іңкәрлігім де осы жерден басталды. Әуел баста Октябрь ауданында орналасқан балалар музыка мектебінен орта білім алдым. Кейінірек Тәттімбет атындағы музыкалық училищенің шөкірті болдым. Одан соң Новосібір мемлекеттік консерваториясына оқуға қабылдандым. Оқу бітірген соң педагогикалық училищеде жеті жылдай мұғалім болдым. Содан соң, Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрінің сырнайшысы болып қызмет етудемін.

– Оркестр сырнайшысы ретінде ұлттық музыкаға деген көзқарасыңыз қандай?

– Алдымен Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестріне тоқталып өтсек, жарасар. Бұл жерде қызмет атқарып жүргенімді ерек мақтан тұтамын. Себебі, бұл оркестр – республикамыздағы ең үздік шығармашылық орталық бірі. Тәттімбеттей бірғуар күйшінің есімін алған оркестр халқымыздың саз өнеріндегі бай дәстүрді сақтап қана қоймай, оны дүние жүзінің сан түпкірінде насихаттауда. Біз қазақ халық аспаптары оркестрі болғандықтан, негізінен қарақөз халқымыздың бай мұрасын әспеттейміз. Сан жерде болып жүрміз. Көп халықтың музыкалық мәдениетімен таныспыз. Көзге көлгірегендік емес, шынайы пікірім деп қабылданыз. Қазақ ән мұрасы әлемге әр беріп тұр. Қазақ әні әлемнің ажарындай.

– Онер адамы туралы сөз қозғап, ол туралы оқырманға ойыңды жеткізу, оның жан дүниесін толық түсінбей қалам тербеу қиынның қиыны. Ал, әннің, саздың, күйдің құпия, сұлу, сиқырлы әуезін жеткізу екінің бірінің қолынан келе бермейтіні аян...

– Сенесіз бе? Саз тілді қажет етпейтін құбылыс. Өнеріңіз үстем болса, тыңдарман, тіпті, орнынан тұрып, қошеметке бөлейді. Бірақ музыканы да адам шығарып, адам орындайды. Бәрі сазгер мен орындаушыға тікелей байланысты. Тегінде атқаратын сазыңыздың шып-шығарсын шығармай тыңдарманыңызды еліту саяқтардың қолынан келерлік іс болса керек.

– Бүгінгі тыңдарман қандай өзі? Осы сауалымызға жауап бере аласыз ба?

– Қоғам бір орнында тұрмайды. Түсініктер мен құндылықтар алмасқан алмағайып бір заман. Ішкі жан дүниесіне үйіліп, ой қорытып отыратын буын келіп барады. Ол



– айқын нәрсе. Сондықтан, біз бен сіздің алдымызда жас өркенді музыкамен тәрбиелеу ісі тұр. Себебі, Тәттімбеттер болмаса, оның туындылары халқымызды тербетіп тұрмаса, қазақ та қазақтығынан әлдеқашан ажырап қалар ма еді деген күдік бар екендігі рас. Әлбетте, кез келген ұлттың төлқұжатына айналған алтына бергісіз қазынасы бар. Қай халық болмасын, сол қазынасын ұмыт қалдырған күні болмысынан ажырайды. Бұл – фақт.

– Алда 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні. Бәлкім, бұқараға жеткізер бір тілегіңіз бар болар...

– Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі бүгінде бейбіт өмір мен ынтымағы жарасып, тұрмыс кешіп отырған еліміз үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің ізгі дәстүріндей, асыға күтер мейрамы. Бұл күн – әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің риясыз мейрамы. Халық бірлігі мерекесі күн ел азаматтары ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтарын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық тағулық пен келісімді паш етеді. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең құнды һәм маңызды байлығымыз! Сондықтан, тілек – біреу. Ынтымағымыз жалындысын!  
– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен  
Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

# Екі әлемнің елшісі

Екатерина бөгенайы бөлек жан. Бұл Екатерина – жаһанға «қазақтар оқымаған, сауатсыз дегені – өтірік!» деп, ұлт ұпайын түгендеген жаны қазақ тұлға. Екатерина – ҚАРЛАГ-тың тұтқындарымен жүзбе-жүз тілдесіп, қасірет мұражайының ашылуына бірден-бір себепкер болған қайраткер. Уағында қараусыз қалған ҚАРЛАГ-тың қарауылы болған ол недей жұмбақ жан? Зерделейік...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

ҚАРЛАГ қасіретінің суық көлеңкесі әлемді әлі кезіп жүр... Әсіресе, «Қарлаг: по обе стороны колочки», «Қарлаг: мечены одной метой» немесе «Кровавий тридцать седьмой. Репрессированный Казахстан» деген еңбектер жаһан бедерін шарлап кетті. Осы кітаптардың авторы Екатерина Кузнецова таңдаулы тақырып турасында былай дейді:

– Қара жалауы жығылмаған ҚАРЛАГ-қа 1988 жылдың көктемінде алғаш келуім. Қасында марқұм жазушы Жайық Бектұров және бір топ өңірдің зиялылары бар-тын. Негізгі мақсатымыз: нысанның тыныс-тіршілігімен танысу еді. Қаңырап бос тұрған ғимараттың сұсты кейіпін әлі көз алдыма. Есік-терезелеріне дейін тактайшалармен шегеленген. Ішіне кіруге жүрек дауаламады. Мазар айналғандай сыртынан бажайлап состып тұрып қалыпсыз. Айналамыздың бәрі – қалың ағаш. Кезінде тұтқындар отырғызғандарын кейін білдік. Не түлден түрткенін білмеймін, бір аптадан соң ҚАРЛАГ-қа қайтып бардым. Бұл жолы ішіне кірмек болып «тактай терезені» қаққаным сол еді, о, тоба, ішінен адам көрінді... күзетші екен... – деді Екатерина Борисовна тебірәніске толы жүзін маған қарата.

Уақытында «Индустриальная Караганда» газетінің насихат бөлімін басқарғандықтан Е.Кузнецова шартарапқа ҚАРЛАГ-тың сын көтерігіз күйі хақында хат-хабар таратқан. Құзырлы мекемелердің табалдырығын тоздырған. Көзі тірі тұтқындармен сұхбат құрып жариялаған. Сонымен, 1990 жылдардың басында ғимаратқа жөндеу жұмыстары басталды... Сал кейінірек аты мәшһүр мұражайға айналды.

– Долинкада бірінші және екінші лагердің екі бөлімі болды. Онда ер-азаматтар мен әйелдер отырды. Бұл әуелде ауыл шаруашылығына бағытталған лагерь еді. 1931 жылы партияның Орталық Комитеті Қарағандыдан ірі көмір бассейнін салу туралы шешім шығарған. Ал, оған білікті мамандарды тартудың жолын Сталин тез тапты. Донецк шахтерлері секілді өзге жақтан мамандарды қамауға алып, бірте-бірте ҚАРЛАГ-қа әкеле бастады. Сөйтіп, олар құл секілді шахтаға жұмысқа салынды. Оның үстіне, жұт заманы. Жер құрғап, егістік шықпады, мал қырды. Ашаршылық басталды. Сол кезде Қарағандыда шахта ашылып, онда жұмыс барын естіген халық осында ағылды. Жұмыс болса, аш қалмай-тыны белгілі еді. ҚАРЛАГ қанатын кенге жайды. Бастапқыда жеті бөлімнен тұратын лагерь 21 бөлімге көбейді. Құрамына

Жезқазған кірген. Степлаг кейін 1949 жылы құрылды. Ресми мәлімет бойынша, ҚАРЛАГ арқылы миллионға жуық тұтқын өзге лагерлерге өткізілген. Салдарын ҚАРЛАГ тұтқындар, қара жұмысшылар, жер аударғандар мекеніне айналды...

Алғашында әрқайсысын өзін іздеп, үйлеріне барып, айтып беруін өтінетімін. Олар бұған дейін ешкімге ештеңе айтпаған. Өйткені, лагерьден шығарда көрген-білгенін, бастан кешкені жайында айтып қолхат толтырған. Алда-жалда айтса, қайта 25 жылға қамалатын болған. Сондықтан, ҚАРЛАГ-тан шыққандардың ешбірі тіс



Алғашында әрқайсысын өзін іздеп, үйлеріне барып, айтып беруін өтінетімін. Олар бұған дейін ешкімге ештеңе айтпаған. Өйткені, лагерьден шығарда көрген-білгенін, бастан кешкені жайында айтып қолхат толтырған. Алда-жалда айтса, қайта 25 жылға қамалатын болған. Сондықтан, ҚАРЛАГ-тан шыққандардың ешбірі тіс жармады.

жармады. Тек 1956 жылы Хрущев биліктен кеткенде, тұтқындар ақтала бастады. Кейінгі жылдары өздері редакцияға келіп, айтатын болды...

\*\*\*

1938 жыл. Қытайдың Далинь қаласы. XX ғасырдың басындағы патша үкіметі кезінде Ресейден кеткен Сергей Колоколовтың Екатерина атты немересі келді өмірге. 1946 жылы Қытайда қызыл үкіметтің Білім министрлігіне қарасты кеңестік мектептер ашыла бастады. Осындай оқу ошақтарының біріне болашақ журналист, жазушы Екатерина Кузнецова оқыды... Колоколовтар отбасы Қытайда 1954 жылға дейін тұрмыс кешті.

– Біз сол жылы Қазақстанға келдік. Онда жер аударылғандардың көбі Нұра совхозында еді. Кейінірек Киевқадағы ау-

дан орталығына көшіп, ағаммен бірге 9-сыныпқа мектепке бардық. Оқушылар арасында поляктар, немістер, шешендер, ингуштар, ассириялықтар, тіпті украиндар, грузиндер, белорустар, орыстар болды. Бір таңданарлығы, барлық балалар бір-біріне мейібан, меймандос еді. Кеңес мектебінде бізге КСРО-ның көпұлтты ел, халықтар достығы екендігі көп айтылды. Сондықтан болар, көптеген ұлттардың бір арнаға тоғысуы ешкімге аса бір ауырталық түсірмеді, – дейді Екатерина Кузнецова өткен шаққа қайырылып.

Ол сол кездегі тәлім берген мұғалімдердің дені негізінен жер аударылғандар болғанын есіне алады. Ауыл мектебінде бір жыл оқығаннан кейін бұл отбасы Қарағандыға көшіп келді. Әкесі ғылыми-зерттеу институтына, анасы кейінірек ғылыми-техникалық кітапханаға жұмысқа орналасты.

\*\*\*

Иә, Қасиетті Қарағанды топырағы небір тағдыр иелерін бір жерге тоғыстырған өлке. Екі әлемнің елшісіндей болған әрі таңғажайып тағдыр арқалаған Екатерина Борисовна жуырда мерейлі 85 жасқа толмақ. Ол қандай зұлмат заманаларды бастан кешсе де, адамшылығынан айнымай, мемлекетіне риясыз қызмет қылған санаулы тұлғалардың қатарынан ойып тұрып орын алды. Сөз басында біз айтқан Екатеринамыз осындай жан. Өзі айтқан ҚАРЛАГ-тағы сол көктем мен бұл көктемнің арасы жер мен көктей. Бұл көктем – мейірім маусымы. «Бұл көктем – шапағат мезгілі екен» дейді кейіпкеріміз...

• ТЕАТР

# Театр айлығы қорытындыланды

Мәдениет дамуына сүбелі үлес қосатын өнер ордасының бірі – театр. Бір өзі бір театр атанған Қаллекидің жерлестері әр жыл сайын театр айлығын өткізуді дәстүрге айналдырған. Бұл жолы да «Театр – тәрбие бесігі» атты айлықты қорытындылап, үздік номинация иелерін анықтады.

Сағынш ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәстүрлі өнер айлығы кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, КСРО Халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қалибек Қуанышбаевтың 130 жылдық мерейтойына арналды. «Қаллеки» деп есімін құрметпен халқы ардақтаған дара дарынның сара жолын жалғастырушы, өшпес өнегесін өрістетуші өнерпаздар «Ел ұраны – Қарқабат», «Ахмет. Ұлт ұстазы», «Тақиялы періште», «Қаладағы пәтер» атты қойылымдарды сахналады. Әр кейіпкерді түісіну, образынан бөлек жан дүниесін жеткізе білу нағыз таланттың қолынан келетін іс. Ал, әр қойылымды жүйелеу, түсіну, сахнаға лайықтау, халықтың жүрегіне жеткізе білу нағыз талғампаз режиссердің еңбегі.

Көрнекті жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп баға бергендей, жыл сайын көрермендеріне мәнді де мазмұнды қойылым ұсынып, көңілінен шығып жүрген осы бір өнер иелерінің еңбегі қашанда бағалы. Әр қойылымнан аудан халқы рухани ләззат алып, ризашылығын білдіреді. Сахналанған қойылымдарды кірпік қақпай тамашалаған

«Халық театрының халық сыншылары» тобының шешімімен театр өнерпаздары мен режиссерлері 14 номинация бойынша марапатталды. Атап айтсақ, Мақат Рымжанов атындағы Абыз халық театрының режиссері Бану Мұқашова – «Үздік режиссер» және театр мүшелері Руслан Нұрбай – «Үздік дауыс иесі», Жаная Журчинова – «Жылдың жаңа есімі», Айнаш Түсіпова – «Жүрек қалауы», Егіндібұлақ халық театрының мүшелері Еркінбек Қорабаев – «Үздік ер адам бейнесі», Аргын Имекеев – «Ерекше көзқарас», Перизат Әлімбек – «Үздік бала рөлін сомдаушы», Атығай Шанин атындағы халық театрының әртістері Кәмшат Досжанова – «Үздік әйел бейнесі», Аида Әбілқасымова – «Көз нұры», Ботақан Мателов – «Ең үздік сатиралық рөл», Дарина Боранбаева – «Кейіпкерді бейнелеудегі үздік актер», Тәттімбет ауылындағы халық театрының мүшелері Есен Кошербаев – «Сахнадағы қимылдың шебері», Боқаев Аскар – «Үздік эпизодтық рөл», Аяулым Тарбақова – «Көңіл қуанышы» номинацияларымен марапатталды.

Көкірегі ояу, көзіқаракты көрермендердің рухани демалуына зор еңбек сіңірген театр тарландарына халық дән риза.

Қарқаралы ауданы

• КЕШ

# «Миллионер» шығармасындағы мың ой

Қарағанды қаласы орталық кітапханалар жүйесінің №23 кітапхана бөлімшесінде Ғабиден Мұстафиннің «Миллионер» шығармасының жарыққа шыққанына 75 жыл толуына орай өткен кеште оқырмандар туындыны талдап, пікірін ортаға салды.

Шара оқырмандарды кітап оқуға баулу, кітап арқылы адамшылыққа, еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа, адамгершілікке үндеуді мақсат етті. Іс-шараға Қарағанды қаласы ОКЖ қызметкері, оқу ісінің үздігі Ғазиза Қабдоллақызы және №137, 56 мектеп оқушылары мен ұстаздар қатысты. Шара барысында Ғабиден Мұстафиннің өмірі мен шығармашылығы жайлы бейнежазба көрсетіліп, кітап көрмесі ұсынылды. Жыныда №137 мектептің 8-сынып оқушылары шығарманы толық оқығанын байқатып, белсенділік танытты.

– Ғабиден Мұстафиннің «Миллионер» повесі – тіршілік тартысын тереңнен толғайтын шығарма. Жазушының тырнақалды туындысы «Сәрсен мен Боқаш» 1927 жылы «Жыл құсы» журналында жарияланды.

Аустралиялық жазушы Ральф де Буасвер 1950 жылы жазған хатында «Миллионер» повесі туралы: «Мен бірнеше ғана советтік романдар оқыған едім. Олардың бір де бірі Сіздің кітабыңыз бергенді бере алған жоқ», – деп пікір білдірді. Шығарманың басты идеясы – соғыстан кейінгі қазақ ауылдарын көркейту, оның ішінде, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру, электрлендіру, жол салу сияқты мәселелер.

Шығармадағы оқиғалар орын алып жатқан жер – Амангелді колхозы. Басты кейіпкерлер Жақып пен Жомарттың көзқарасы екі түрлі. Қарт Жақып ескілікті, бірқалыпты күнкөрісті қалап, барға қанағат тұтса, жас Жомарт ауылды дамытқысы келеді. Екеуін де алаңдататын бір



нәрсе, ол – ауылды көркейту. Бұл шығармада екі кезеңнің көрінісі айрықша көрсетілген: бірі – бұрыннан келе жатқан социализм болса, екіншісі – жаңа коммунизм. Бұл көріністерге Жомарттың: «Сіз колхоздың бірінші дәуірінде, социализм дәуірінде тұрсыз. Екінші дәуірдің жаңалығын сезе алмасаңыз, кем өлшеп, кейін тартуыңыз сөзсіз», – деп Жақыпқа айтқан сөздері негіз бола алады.

Он бес жыл бойы колхозды басқарып, өз еңбегін колхозға аямай сіңіріп келген Жақып қарттың өзінен мүлдем жас Жомарттың бұл сөзі тіпті ерсі көрінді және оның жаңа жоспарларын қабылдағысы келмеді. Жомарттың жаңа жоспарлары академик Вильямс, Лысенко, Мичуриннің ауыл шаруашылығына қолданған әдістерін іс жүзінде асыру, колхозды электрлендіру, тас жол

салу және де ауылға бірнеше жаңа тракторларды алып келу болатын. Соңында бұл жоспарларын жүзеге асырып, көптеген жетістіктерге

мұнда махаббат, достық, бала тәрбиесі және өмір құндылықтары туралы айтылады. Басты кейіпкерлердің бірі Алманың көзінен айырылған

қан жеткізді. Мұндай жетістіктердің барлығын өз көзімен көрген қарт Жақып өзінің жеңілгендігін мойындап, Жомартқа өзі орынбасар болып, әрі қарай көмектесуге келесі. Амангелді колхозының коммунизмге қолы жетті. Бұл жеңісте Жомарт халыққа ой тастады, әрі қарай бүкіл колхоз болып еңбек етті. Жәнібек, Жантас, Жанат секілді кейіпкерлердің ауылдың көркеюіне бар күшін салып, аянбай еңбек еткенін көре аламыз. Талай жылдар бойы колхоздың ақшасын жеп, соңында колхоздың ақшасын алып қашқан Айдардың ұлынан және әйелінен айырылып, біржола сотталып кеткені сол кездің социализммен қоштасқанына негіз бола алады.

Кейіпкерлер арасындағы шағын диалогтардан үлкен ой, мән-мағына байқаймыз. Шығарманың тақырыбы тек ауылды өркендету ғана емес,

нан кейінгі өмірі суреттеледі. Осы арқылы жазушы адамдардың он екі мүшесі сау кезінде бақытты екенін сезе алмайтынын көрсеткісі келеді. Повесте егіздей бірге өскен Алма мен Жанаттың достығы, Алманың күйеуі Жомарт пен Жанаттың махаббатынан биік тұрғанын байқаймыз. Екі ғашық қаншалықты бір-бірін жақсы көрсе де, досы Алмаға деген адалдығын, адамдық қасиеттерін сақтап, ардан аттамады. ...Повесте жазушы адам жақсы ниет қылып, мақсат қойып, соған сай жоспар құрып, жүйелі тәртіппен адал, тынбай еңбек етсе, аспайтын асу, шықпайтын белес, алмайтын камал жоқ екенін білдіргісі келді.

**Р.ДАЛЕЛХАН,**  
№23 кітапхана бөлімшесінің менгерушісі

• БАЙҚАУ

## Балалар еңбегі еш кетпек емес

Қарағанды облысының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен 2023 жылдың 1 наурызы мен 27 сәуір аралығында «КОМИКС ВООК» комикс және манга облыстық байқауын жариялады.

Байқаудың мақсаты – баланы көркем әдеби шығармаларға баулу және қызығушылықты қалыптастыру, балалардың шығармашылық әлеуетін анықтау және дамыту, оқу мен кітапқа қызығушылықты арттыру, кітапханаға жас оқырмандарды тарту.

**Жан АМАНТАЙ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауға облыс бойынша Қарағанды, Теміртау, Саран, Балқаш, Приозерск қалалары және Абай,

Шет, Қарқаралы, Осакаровка аудандарынан 100-ге жуық шығармашылық өтініш келіп түсті.

Жалпы конкурсқа 12-16 жас аралығындағы балалар мен

жасөспірімдер қатысты.

Ал, жарыс қорытындысы бойынша үш жүзделі орын (12-13 жас, 14-16 жас ерекшелігі бойынша) және ынталандыру сыйлығы тағайындалған еді.

Қазылар алқасының сараптамасынан кейін, І-ІІ орындар Приозерск қаласының №2 мектебінің оқушылары Гүлдана Бақдәулет пен Әсем Құрбанмұратқа берілді. Ал, ІІІ орын Шет ауданы Ақадыр кентінің Гагарин атындағы мектеп-лицей оқушысы Ерасыл Игілікке табысталды.

Сонымен қатар, 14 жастан

16 жасқа дейінгілер арасында І орынды қарағандылық №27 мектеп оқушысы Ева Те алды. Бұл жас санатында ІІ орын иегері болып Приозерск мектебінің оқушысы Жанәтта Марат танылды. Үздік үштікті Қарағанды қаласының А.Байтұрсынов атындағы гимназия оқушысы Ділназ Жанай қорытындылады.

Сайысқа қатысқан өзге де қатысушыларға арнайы ынталандыру сыйлықтары берілді. Бұл өнерін ортаға салған балалардың еңбегін бағалау деп түсіндірді байқау ұйымдастырушылары.

• ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

## Сардар суретшілер

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайында 9 мамыр Жеңіс күніне арналаған «Жеңіс келбеті» атты көрме ашылды.

Аталған көрмеге сұрапыл соғыс, жеңіс пен жауынгерлік ерлікті сомдаған картиналар топтасқан. Сондай-ақ, майдан даласында аянбай соғысқан батырлар портреттері де шоғырланған.

**Жан АМАНТАЙ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»



– Бұл жерде суретшілердің кескіндемелік және графикалық туындылары орналасқан. Жалпы, Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағының жеңіске жетуіне қазақстандықтардың үлесі зор еді. Олардың ішінде 499 жауынгердің тайсалмас жау-жүректілігі жалпақ жұртқа аян. Нұркен Әбдіров, Әлия Молдағұло-

ва, Хиуз Доспанованы танымайтын қазақ жоқ шығар. Міне, осы батыр бабалар портреті мұражай тәртіпінде қазір, – дейді облыстық бейнелеу өнері мұражайының ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің жетекшісі Мейрамгүл Елубаева. Расында, тек аты аталған көпке танымал батырлар ғана емес,

Ал, «Майданға аттанған темір жол бойындағы сарбаздар» бейнесі сағыныш пен күту, тозім мен сабырдың сыналар тұсын баяндағандай. Авторлар бұл суреттерді көрген-білген оқиғалар мен киындықтар негізінде салған.

Сондай-ақ, Сейітмахан Қалмаханнның «Қарағандының шахтер әйелдері» жұмысын алып қарасақ, соғыс сұрапылын айнытпай берген. «Тар жол тайпақ кешудегі» қасіретті суретші салған бейнеден бірден аңғаруға болады.

Мұражайға жиналған қонақтарға Сән колледжінің студенттері концерттік бағдарлама мен соғыс жылдарындағы тарихи фактілерге толы бейнероликтер ұсынды. Онда жеңіс үшін жанталасқан қарағандылық қауымның жанкештілігі айтылады.

• БІЛІМ ОРДАЛАРЫНДА

## Мерейтойға мазмұнды шара

Аймақтағы белді білім ордасы – Өбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің 70 жылдығы жан-жақты атап өтілуде. Университет құрамындағы Инновациялық технологиялар колледжі «Жетпіс жылдыққа – жетпіс бастама» жобасын қолға алып, мерейтойлық іс-шараларды жүзеге асыруда.

Колледж директоры Н.Смағұлованың бұл бастамасы, оқытушылар мен студенттердің қолдауымен оқу жылының басынан іске асуда. Студенттер республикалық, облыстық, колледжаралық, қалалық деңгейдегі шараларға белсене қатысып, үздіктер қатарынан көрінуде. Мәселен, жалпы білім беру

сыр шертетін, жауынгерлік салуы-сайман, қару-жарак, ат әбзел-тушылар мен студенттердің қолдауымен оқу жылының басынан іске асуда. Студенттер республикалық, облыстық, колледжаралық, қалалық деңгейдегі шараларға белсене қатысып, үздіктер қатарынан көрінуде. Мәселен, жалпы білім беру

«Мәңгілік алауға» тағзым етіп, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің аллеясын аралады. Қарағанды



пәндері кафедрасының ұйымдастыруымен Наурыз мейрамы жоғары деңгейде өтті. Студенттер ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа терең бойлап, өздеріне қажетті құнды мағлұматтар алды.

Сонымен қатар, студенттердің бастамасымен облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат ұйымдастырылды. Аймақтың тарихына жіті назар аударып, ондағы әр бөлменің мазмұнымен танысты. Әсіресе, «Ғарыш залы» мен Алаш үкіметінің тарихына қызығушылық білдірді. Көшпенділер тарихынан

көмірінің атасы Аппак Байжанов ескерткішіне де ат басын бұрдық.

Өңір тарихымен жіті танысқан студенттер алған әсерімен бөлісіп, рухани байығандарын жеткізді.

**Р.НЕСИПОВ,**  
**Ә.Сағынов атындағы Қарту, Инновациялық технологиялар колледжі, тарих және қоғамдық пәндер оқытушысы,**  
**А.АХМЕТОВА,**  
кәсіби қазақ тілі пәні оқытушысы

• ГРЕК-РИМ

## Біріншілікте бақ сынады

Жақында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде грек-рим күресіне облыстық ашық біріншілік өтті.

Спорттық сайысқа Жезқазған, Саран қалаларынан, Топар кенті мен Осакаровка ауданынан спортшылар қатысты. Одан бөлек, Қарағанды қаласындағы «Дәулет» күрес түрлері бойынша олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің, Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжінің жоғары сынып оқушылары қатысты. 10 салмақ дәрежесі бойынша барлығы 70-ке жуық палуан бақ сынасты.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ректордың дипломына ие болып,

кубоктармен және сыйлықтармен марапатталды. Бұдан бөлек, спорт мектептерінің түлектеріне білімнің біздің оқу орнында жалғастыру жайында насихат жұмыстары да жасалды. Сайыс нәтижесінде биыл Ақтау қаласында өтетін жоғары оқу орындары арасындағы жазғы университетіне үміткерлер іріктелгенін де айта кеткен абзал.

**Аманбек ИМАНБЕТОВ,**  
Қарағанды университетінің бастапқы әскери дайындық және жеке сайыс кафедрасының менгерушісі

ТОО «AlemGaz» уведомляет потребителей о повышении тарифа, до уровня цены, обоснованной в соответствии с порядком ценообразования на услуги розничной реализации сжиженного емкостного через ГРУ, с 1.06.2023 года и составит 211,58 тенге за 1 кг без учета НДС.

№127

| Қарағанды облысы: ауа райы |          |    |          |    |         |    |
|----------------------------|----------|----|----------|----|---------|----|
|                            | 29 сәуір |    | 30 сәуір |    | 1 мамыр |    |
| Қарағанды қаласы           | +23      | +5 | +26      | +8 | +22     | +8 |
| Абай ауданы                | +23      | +2 | +26      | +5 | +24     | +7 |
| Ақтоғай ауданы             | +22      | +2 | +20      | +2 | +21     | +2 |
| Бұқар жырау ауданы         | +20      | +6 | +19      | +5 | +22     | +6 |
| Қарқаралы ауданы           | +20      | +5 | +21      | +3 | +21     | +5 |
| Нұра ауданы                | +25      | +4 | +23      | +4 | +23     | +4 |
| Осакаровка ауданы          | +21      | +5 | +22      | +7 | +22     | +5 |
| Шет ауданы                 | +22      | 0  | +21      | +5 | +21     | +3 |

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz> сайтынан алынды



• ТАТУЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ

# Жерұйық мекеннің тұрғындары

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Сламбек Тәуекел 2011 жылы Қазақстанға депортацияланған халықтар туралы «Жерұйық» фильмін түсірген еді. Сценарийін жазған кинорежиссер Лаврентий Дядюнович Сон. Фильм тек Қазақстан аумағында ғана емес, Оңтүстік Корея астанасы Сеул қаласында, Шешенстан республикасында, тағы басқа шет елдерде көрсетілген. 2018 жылы 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Дін істері және азаматтық қоғам» министрлігіндегі бір комитеттің аппараты қызметкерлері фильмді көріп, «Біз шұғылданатын шаруаның негізгі аспектілері мына фильмде айтылған ғой», – деген екен.

Қазым ДУТБАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ал, Шешенстанның Хасавюрт қаласына апарып, 1200 адам жиналған спорт сарайында көрсеткенде шешен халқының бір қариясы қазақ тілінде «Қазақ деген халықтың бақыты үшін бір шешен шалдың басы керек болса, мен дайынмын», – дегенде жиналған жұрт тікесінен тік тұрып, қазақ халқы үшін қол соққан екен. Бұл жақсылықтың бағасын

жазылған.

Редакция қызметкерлері тарихи фильмді көрген Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Баспасөз қызметінің басшысы Светлана Григорьевна Могайға хабарласып, алған әсерін айтып беруді сұраған еді. «Жерұйық» кинокартинасы жайлы жерұйық мекеннің бүгінгі тұрғыны былай дейді.

«Жерұйық» фильмі – 1937-1944 жылдар аралығында әртүрлі ұлт өкілдерінің Қазақстанға жер ауда-



Осы сөзден-ақ оның халықтар достығы туралы екені түсінікті. Ал, дастарқан басында ауылдың тыныс-тіршілігін талқылап отырған бас кейіпкер – ауыл бригадирі Барбараның тұтқындалуы жайлы айтып отырғанда үрейленгені байқалады. Корейлер келердің алдында ауыл тұрғындарына олардың адам жейтіндер екені айтылған әрі олармен сөйлесуге тыйым салынған. Жарлыққа қарсы шыққандардың атылатыны да осы жерде мәлім болады. НКВД-ның адамдары корейлерді адамжегіш деп сипаттайды. Тағы бір есімде қалған тұс – корейлердің жүріп бара жатқан пойыздан жолда қайтыс болған адамдардың мейітін тастап жатқаны. Сол пойызда жүкті әйел баласын өмірге әкеледі. Әскери киім киген адамдар корейлерді тінтіп, аспанға ескертпе оқ атқаны жадында жатталып қалыпты. Сосын корейлерді ЗИЛ көлігіне жалғанған арбаға отырғызып, қу далаға апарып тастайды. Қар жауып тұр, айнала ақтүтек боран. Ауыл басшысы бір-біріне сүйеніп, ық жасап жатқан адамдарды көргенде «О, Құдайым-ай, мына суықта адамдар қатып қалмады ма екен?» дейді. Бұл – фильмдегі бас кейіпкердің мейірімді

екенін көрсетеді. Адамдардың тірі екенін көрген соң оларға қайнаған су беріп, корейлер осы жерде қоныстанады. Әйелдердің бір-біріне, жаңа көшіп келгендерге бір нәрсе қажет пе екен, сұрап келу керек еді, деген сәті жүректі елжіретеді. Жаңа туған сәбиге Жолдыбай деп ат қойған ауыл тұрғындары бірекі отбасынан бөліп-бөліп әр үйге қоныстандырады. Сырқаттанып қалған Пак отбасының қариясын қазақы ем-домға сай қой терісін салып емдегені қатты әсер етті. Одан кейін ауылға түрік, шешен ұлтының өкілдері келеді. Ауыл тұрғындары оларға да аса мейіріммен қарап, қамқор болады. Осы тұста қазақ халқының арқасында осында келген ұлт өкілдерінің тірі қалғанын айта кетуіміз керек. Фильмнің оне бойында достық, махаббат, бақыт, мейірім, ар-ұят деген рухани құндылықтар дәріптеледі. «Жерұйық» драмасы өте ұнады. Оны міндетті түрде мектептер мен колледждерде, ЖОО-да көрсету керек. Жас ұрпақ 1937-1944 жылдары адамдардың қандай қиындық көргенін, өз тарихын біліп жүргені жөн. Тарихты білген ұрпақ ата-баба еңбегін шын бағалай алады.



билер жандар барда қазақ халқының жақсылығы ұмытылмайтынын тағы бір айтақтайды. «Кинокартинаның соңында бұл фильм Қазақстанға депортациямен келген ұлт өкілдерінің қазақ халқына білдірген алғысы», – деген сөз

рылуын баяндайтын тарихи драма. Оның ішінде кәрістер, немістер, еврейлер, шешендер, түріктер, күрдтер, поляктар және басқа ұлт өкілдері бар. Картина ұлы Абайдың «Адамзаттың бәрін сүйі, бауырым деп» деген сөзімен басталады.

• БАУЫРЛАСТЫҚ

# Ақтастағы «Яхташлар»

Саран қаласы аумағындағы Ақтас кентінде татар және башқұрт этнос өкілдерінің біршамасы тұрады. Түбі бір түркі ағайындардың ана тілінде оқытатын жеке мектебі болмағанымен, олар салт-дәстүрлері мен мәдениетін ұмытпай, қолдан келгенше дамытып отыр. Әрине, оған кенттегі мәдени-сауық орталығында жұмыс істейтін «Яхташлары» (биздіңше «Жерлестер») татар-башқұрт этномәдени қоғамдық бірлестігінің ықпалы аз емес.

Тіпті, гастрольдік сапармен Шахтинск, Абай, Теміртау қалаларына дейін барып, облыс орталығы Қарағанды қаласында да көпшіліктің ықыласына бөленген «Яхташлар-



Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған этномәдени бірлестік 2008 жылдың 4 қаңтарында құрылған екен. Сол кезде құрамына 10 зейнеткер кірген бұл өнер ұжымын мәдени-сауық орталығының директоры, марқұм Михаил Степанович Сорока бірден қолдап, осы жерден бір бөлме беріп, оның мүшелеріне арнайы ұлттық киімдер тіктірген.

– Орталық басшылығы, бізге әлі де көмегін аямайды. Барар жерімізге көлік беріп, қала, облыс көлемінде өтетін мәдени-буқаралық іс-шаралардан қалмауымызға жағдай жасайды, – дейді бірлестік жетекшісі Әлфия Святыха.

Міне, осындай қамқорлықтың арқасында «Яхташлардың» вокалды тобы аймаққа танымал болды. Ән айтқан зейнеткерлерді орталықтың баяншысы Мартбек Құлбаев ашылған сәттен сүйемелдеп келе

жатыр. Құрылғанына биыл 15 жыл толған этномәдени бірлестік мүшелерінің бәрі де зейнет жасындағылар. Олардың алды Хафиза Сұлдиқова 85-те болса, ең жасы Өлфия 63-ке тааған. Сөйтсе де олар той-думан десе делебесі қозып, татарша, башқұртша әндерді тамылжыта орындап, сахнаның көркіне айналып шыға келеді.

Ақтас пен Саранның бірде-бір мерекесі бұл әншілерсіз өтпейті.

«Яхташлар» алған Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары бірлестік бөлмесінің тұтас бір іргесін алып, ілініп тұр. Және де мұнда бауырлас екі халықтың көне жәдігерлері мен ұлттық бұйымдары, баян, гармонь аспаптары да жинақталған. Солардың ішінде Рәшида Рахимованың әжесінің кестелі сүлгі орамалына 170 жыл болыпты.

Әжесінің қымбат бұйымын көзінің қарашығындай сақтап жүр.

• ҚАРАШАҢЫРАҚ

# Татариновтар ТаҒЫЛЫМЫ

Еңсегей бойлы Алеша ағаны ауыл адамдары ерекше құрметтейді. Анам да үйге келгенде құрақ ұшып қарсы алатын. Беталды жүріп, бейсауат сөйлегенін көрген де, естіген де емеспін. Үнемі томаға-тұйық жүретін. Май сіңген, күректей тілім-тілім алақаны оның нағыз еңбек адамы екенін аңғартатын. Бос уақыты жоқ, қашан көрсен техниканы айналдақтап жүргені.



Сағыныш ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алексей (Алеша) Татаринов 1956 жылы 6 желтоқсанда Қытай Халық Республикасының Үрімші қаласында дүниеге келген. Анасы Мария Татаринова орыс ұлтының өкілі болса, әкесі Ю-Го-Джанның ұлты – қытай. Анасы Мария 1962 жылы отбасымен бірге Қазақстанға қоныс аудармақ болады. Сол кездегі тәртіпке сай Қытай елінен шығуда бірқатар қиындық болады. Анасы балаларын өзінің ата-тегіне жаздырып, сол кездегі Кеңес Одағының аумағына өткен. Бұрынғы Фрунзе, қазіргі Қасым ауылдық округінің Ақбай-Қызылбай ауылына келіп қоныстанып, еңбекке етене араласады.

Отбасындағы тәлім, әке мен шешенің тәрбиесі Татариновтар отбасының тағылымы болды. Әулеттегі бес бала да ауыл халқымен тығыз араласып, сіңісіп кетті. Қазақпен құда болып, құйрық-бауыр асап, қазақ ұлтының құндылықтарына бойұсынған, қасиеті қанына сінді.

Алеша ағай еңбекке ерте араласты. Сегізінші сыныптан кейін комбайнға отырып, жасы үлкен ағаларымен иық тіресе еңбек етті. Кейіннен тракторды тізгіндеді. Совхоз тарағанға дейін үкіметтің симментал сиырын бақты. Сөзге емес, іске мығым азамат жұмыс талғамады. Қай істі қолға алса да абыроймен атқарып, елдің алғысын алып жүрді.

– Алеша алтын азамат. Істің ада-

мы, жұмысқа тиянақты, айналасына адал. Қолынан келмейтіні жоқ. Өтінген шаруанды лезде орындап береді. Еңбегін сатқан емес. Уақытында жұмысқа келеді, жұмысын аяқтап, аяндап үйіне қайтады. Әр нәрсеге үлкен жауапкершілікпен қарайды. Бірнеше жыл бірге еңбек еттік. Айналасына сыйлы болды. Ауыл халқы Алешаны адамгершілігі үшін жоғары бағалайды. Әрі қазақ тілінде таза сөйлейді, – дейді совхоз уақытында бірге еңбек еткен Рымбек Нұрмағанбетұлы.

Үлкен отбасының қара нары Алеша аға мен жұбайы Света апайдың Дмитрий, Тимур, Назар есімді ұлдары мен Гүлсая, Ақерке есімді келіндері бар. Алеша ағай бос уақытында немерелері Елжан, Яна, Милана, Диас, Әлібек, Әлішерге гармоньмен қазақша әндерді құйықжыта орындап береді.

Бүгінде 66 жастағы Алеша ағаның ермегі немерелері мен бауыр-бақшасы. Жасында бейнет көрседі де қарттық жақындағанда зейнетін көріп отыр. Кейінгі жылдары Шұбаркөл кен орнында жұмыс жасап, зейнеткерлікке шықты. Ол жердегі еңбегі ескеруісі қалмады, II және III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды.

«Ер еңбегімен еңселі» деген тәміл Алеша ағайға арналғандай. Ауыл үлкендері еркелетіп «Алеша» десе, жастар жағы «ағалап» тұрады. Құрметке әбден лайық. Жаны қазақ, жүрегі қазақтың деп соғады. «Өзге ұлттың өкілі» деп айтуға қимаймыз.

• ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ

# Болашақ – білімде

Қарағанды облысы білім басқармасының жұмыс жоспарына сәйкес, «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы мен №1, №2 «Білім-Инновация» лицей-интернаттарының ұйымдастыруымен қазақ тілінен республикалық «Жарқын болашақ» олимпиадасының облыстық кезеңі өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Олимпиадаға облыстың жалпы білім беретін мектептерінің және мамандандырылған мектеп-лицей-интернаттарының қазақ және өзге этнос өкілдерінің 7-11-сынып оқушыларынан 149 үміткер қатысты.

«Жарқын болашақ» олимпиадасы бес бағыт бойынша өрбіді. «Бейнелеушілер» номинациясында І орын Ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-интернаттарының 9-сынып оқушысы София Дагаеваға бұйырды.

«Білгірлер бәйгесі» аталымында

І орынды Нұра ауданы, Нұра орта мектебінен Ертурар Бердешов, «Жас қаламгер» номинациясында І орынды №2 Білім-Инновация лицейінен Жаннұр Алдаберген жеңіп алды.

«Сөз шеберлері» номинациясында І орын биігінен Бұқар жырау ауданы, Үштөбе тірек мектебінен Жансая Тұрсын мен Саран қаласы №17 мектеп-гимназиясынан Севилә Абдуллаева көрінді.

«Әнші-бұлбұлдар» номинациясы І орынға Музыка мамандандырылған мектебінен Аяжан Ақсеева, Теміртау қаласы №11 орта мектебінен Милана Ким табын тіреді.

Женімпаздарға диплом, барлық қатысушыға сертификат берілді.

**Оқырман назарына!**  
Газетіміздің келесі саны бейсенбі, 4 мамырда шығады

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Сауатқа Ағрағат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
**О.В. МЯГКИХ**  
Директордың орынбасары –  
**Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА**

Бас редактордың орынбасары –  
**Н.С. ДУТБАЙ**  
Бас редактор –  
**Е.К. МҰСАБЕК**  
Интернет-редакция редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Қ.Б. ҒАЛЫМ**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Прозасерс: 8-702-293-13-70  
Қаржыралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KZJWBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№48 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**